



Мен Ұлыстың ұлы күнін
жаңаша атап өтуді ұсындым.
Табиғатты тазалап, қоршаған
ортаны көгалдандыруды қолға
алайық. Мұндай шараларды
барлық аймақта
ұйымдастыруымыз қажет.
Бұл – ата салтымыз және
ұрпаққа экологиялық тәрбие
берудің ең тиімді жолы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



САПАЛЫ ЖОЛ – ЕЛ ИГІЛІГІ

3

ХАЛЫҚТЫҚ ЖОБА



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» – тиімді бағдарлама

6-7

МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

18.03.2023

Түнде:



-1-3 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр,
қар), тұман.

Күндіз:



0,+2 °C

Бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын (жаңбыр,
қар), тұман.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

19.03.2023

Түнде:



-4-6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Кей уақытта
тұман.

Күндіз:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №37 (6330) 18 наурыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ШЫНАЙЫ БАУЫРМАЛДЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысты



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Анкараға жұмыс сапары барысында Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен кездесу өткізіп, Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитіне қатысты.

Режеп Тайип Ердоған шақыруын қабыл алып, Анкараға келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Түркияға келгеніңізге қуаныштымын. Алапат жер сілкінісінен 49 мың адам қаза тапты. Осындай қиын сәтте алғашқы болып телефон шалған әлемдік қоғамдастық бірі өзіңіз болдыңыз. Қазақстанның құтқарушылары зардап шеккен азаматтарымызды құтқаруға атсалысты. Біз шынайы бауырмалдықты сезіндік, – деді Түркия Президенті.

2



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА 5 КҮН ҚАЛДЫ

МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ

«КҮЙ КҮМБІРІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІ



Алматыда Наурыз мерекесі қарсаңында Түркісіб ауданында Сауранбаев көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағында домбырашылардың «Күй күмбірі» республикалық челленджі өтті.

Мерекелік алаңда мектептердің, гимназиялардың, шығармашылық үйлердің 600 оқушысы, 70 педагог және 20 ата-ана орындаған домбыра үні күмбірледі. Оркестрге дирижер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор Үкібай Дүйсен жетекшілік жасады. Домбырашылар Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» күйлерін орындады.

Домбыра-challenge мақсаты – жас ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеу, ұлттың мәдени мұрасын сақтау және тарату, ойындарды ұлттық аспапта насихаттау.

ҚЫСҚА...

- Президент БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссары Фолькер Тюркпен кездесті.
- Мемлекеттік кеңесші ЕҚЫҰ ПА сайлауды байқау жөніндегі миссиясының басшылығымен кездесу өткізді.
- Анкарада Түркі мемлекеттері ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысы өтті.
- Сенатта өнеркәсіпті дамыту қорының қызметін жақсарту тетіктері талқыланды.
- Энергетикалық кеңес отырысында жер қойнауын пайдалану саласындағы бірқатар өзекті мәселелер қаралды.
- Елдегі медициналық мекемелерге ақпараттық жүйелерді жеткізушілерді тандауда еркіндік беріледі.
- ПМ 15-17 наурыз аралығында «Құқықтық тәртіп» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізуде.
- Қазақстандықтар теңгедегі депозиттері бойынша мемлекеттен 10 пайыздық өтемақы ала бастады.
- Құрманғазының күйлеріне негізделген жаңа мультисериал жарыққа шықты.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент сотталғандардың құқығын кеңейту туралы заңға қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу және сотталған адамдардың құқығын кеңейту туралы заңдарға қол қойды. Бұл – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның азаптау мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ сотталғандардың құқығын кеңейтіп, түрмедегі теріс субмәдениеттің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған жүйелі қадамдардың жалғасы.

■ СЕНАТ

Сенаторлар азаматтарды әлеуметтік қолдаудың жаңа тетіктері туралы Заң қабылдады.

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында сенаторлар Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер енгізу туралы», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер енгізу туралы» үш заңды екінші оқылымда қарап, жаңа редакциямен қабылдады.

■ ҮКІМЕТ

Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте «Қазпошта» АҚ қызметінің өзекті мәселелері қаралды.

Компания басшысы Әсел Жанасова атқарылып жатқан жұмыстар, ағымдағы көрсеткіштер мен халыққа қызмет көрсетудің тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы баяндады. Сонымен қатар, кешеске қатысушылар ұлттық пошта операторын қолдау және одан әрі дамыту бойынша ұсыныстарды қарады. Бұдан басқа, Қазақстан–Қытай шекарасындағы «Нұр Жолы» шекаралық өткізу бекеті арқылы жүк көліктерінің, оның ішінде «Қазпошта» желісі бойынша өтуіне кедергілерді жою жөніндегі тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды.

■ «G4 CITY»

Алматы қаласының солтүстігінде, ҚР Үкіметінің қаулысымен 2048 жылға дейінгі кезеңге Алматы облысында ауданы – 30 мың га «G4 City» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды.

Экономикалық аймақ А3 тас жолының (Алматы–Қонаев) бойында орналасқан, ұзындығы – 80 шақырым, оның аумағында арнайы құқықтық режим белгіленеді. Жаңа экономикалық аймақ G4 City интеграцияланған қаласын құруға отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы климат ұсынады деп күтілуде. Бұл өз кезегінде бүкіл аймақтың дамуына жаңа серпін береді. Мәселен, 2048 жылға дейін АЭА шеңберінде шамамен 3,7 трлн теңге көлемінде инвестиция тарту, құны 17 трлн теңгеден астам қызметтер мен тауарлар өндіру, сондай-ақ 60 мыңға жуық жұмыс орнын құру жоспарланып отыр. Жалпы, жаңа экономикалық аймақтың қызметі G4 City-де туризм, медицина, көлік-логистика, білім беру және мәдени-демалыс салалары инфрақұрылымының жедел дамуына сеітін тигізеді деп күтілуде.

Сонымен қатар, АЭА режимі нысандарды салуға кететін негізгі шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұған дейін «Ақшам-ақпарат» хабарлағандай, G4 City даму тұжырымдамасына сәйкес интеграцияланған қала төрт ауданнан тұратын болады: Gate City – іскерлік және қаржылық орталық, Golden District – білім беру және медициналық хабы, Growing District – инновациялық-индустриялық және сауда-логистикалық аймақ, Green District – туристік кластер. G4 City-де шамамен 2,2 млн адам тұрады деп болжануда. Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

■ МИНИСТРЛІК

Еңбек министрлігі: 46,4 мыңға жуық адам жұмысынан айырылуына байланысты Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлем алды.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем МӘСҚ қаражаты есебінен жұмыстан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыссыз адамды ол жұмыс іздеген кезеңде қолдауға арналған және жұмыстан шығу себептеріне қарамастан жоғалған кірістің 45%-ына дейінгі мөлшерінде жүзеге асырылады.

Бұған дейін «Ақшам-ақпарат» хабарлағандай, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Электрондық еңбек биржасы арқылы халықты жұмыспен қамту орталықтарының қашықтықтан қызмет көрсету функционалын іске қосқан болатын. Бұл жұмыссыздарды тіркеу және азаматтардың жұмыспен қамтуды қолдау бойынша мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді алу рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік берді. Енді барлығын тек интернет, компьютер және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы ғана жасауға болады.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Азаматтардың құжаттарын (ежеке куәлік, паспорт, жүргізуші куәлігі және т.б.), оның отбасын (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтитын, бәріне ұнайтын цифрлық құжаттар сервисінде тағы бір құжат (басқа құжаттар бөлімінде) пайда болды.

Енді әрбір азаматқа көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру полисі қолжетімді, деп хабарлайды ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

Сақтандыру полисі – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың міндетті түрі бойынша сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы шарттық қатынастардың дерегін растайтын құжат. Бұл цифрлық құжат азаматтарға өз құжатын мобильді қосымша арқылы электрондық форматта көруге, сондай-ақ оның дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді. Сақтандыру полисінің болуы немесе болмауы туралы ақпарат міндетті сақтандыру туралы Заңның талаптарын, атап айтқанда, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін орындау үшін, сондай-ақ азаматты сақтандыру шартының аяқталу мерзімін бақылау және өзге де мақсаттар үшін пайдалану үшін қажет.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі, «АҚШАМ-АҚПАРАТ»).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ШЫНАЙЫ БАУЫРМАЛДЫҚ



- **Түркия Қазақстанның басты бес сауда серіктесінің қатарына кіреді.**
- **2022 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 33 пайызға өсіп, 6,3 миллиард долларға жетті.**
- **Қазақстанға түркі мемлекеттері ұйымы елдерінен түскен инвестициялардың 95%-ы Түркияның үлесіне тиесілі.**
- **2021 жылы Түркі мемлекеттері ұйымы елдерінен тікелей шетелдік инвестициялар көлемі жылдық ең жоғары көрсеткішке, яғни 703,3 млн АҚШ долларына жетті. Ал 2022 жылғы 3 тоқсанда 347,7 млн АҚШ долларды құрады.**
- **Түрік инвесторлары еліміздегі қонақүй бизнесінде БАӘ-ден кейінгі екінші орында. Түрік инвесторлары еліміздегі қонақүй бизнесінде БАӘ-ден кейінгі екінші орында.**

(Басы 1-бетте).

АУЫЗБІРШІЛІК ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ

Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммиті Түркияда болған жойқын жер сілкінісінен қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

Мемлекет басшысы қонақжайлық көрсетіп, құрметпен қарсы алғаны үшін Режеп Тайип Ердоғанға ризашылығын білдіріп, ең алдымен, жойқын жер сілкінісінен зардап шеккен Түркия халқына көңіл айтты.

– Марқұмдардың туған-туыстарына, Өзіңізге және бүкіл Түркия халқына тағы да көңіл айтамын. Түркия – әрқашан қиындыққа қарсы тұра білген мемлекет. Сіздер мол тәжірибе мен ел бірлігінің арқасында бұл қиындықты еңсеріп шығарыңыздар деп сенемін. Алапат зілзала-ның зардабын тартқан түрік елінің қайғысы барша түркі жұртының қасіреті деп білемін. Қазаққа «Қайғыны бөліссен – азаяды» деген сөз бар. Ағайынның басына күн туғанда біздің халқымыз ешқашан қол қусырып отырмайды. Қазақстан халқы бірден түрік бауырларға қолұшын созды. Құтқарушыларымыз және дәрігерлеріміз дереу көмекке аттанды. Қажетті құралдармен жабдықталған ең тәжірибелі, білікті мамандарымыз құтқару жұмысына атсалысты. Бауырлас елге гуманитарлық және қаржылай көмек көрсетілді. Жойқын жер сілкінісі еліміздің азаматтарын да бейжай қалдырмады. Біздің халқымыз бауырларымыздың басына түскен қиындықты бірге көтеруге атсалысты.

Қазаққа «Асар» деген жақсы ұғым бар. Жұрт бірлесіп, мұқтаж жанға көмек қолын созады. Осы мақсатта Қазақстаннан Анадолы еліне көптеген еріктілер келіп, аянбай еңбек етті. Олар – ел басына ауыртпалық түскенде алғы шепте болатын шынайы патриот азаматтар, жаны таза адамдар. Еріктілерді ортақ іске жұмылдыру аса маңызды. Сондықтан мен Ұйымымызға мүше елдердің өкілдерін биыл Астанада өтетін Еріктілер форумына шақырамын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Біз бауырлас Түркияға одан әрі қолдау көрсетуге дайынбыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстан апат аймағында әлеуметтік нысан салып беруге дайын екенін атап өтіп, халықаралық қауымдастықтың Анадолы еліне көрсеткен демеуін жоғары бағалайтынын жеткізді.

– Еуропадағы серіктестеріміздің Халықаралық донорлар конференциясын өткізу туралы бастамасын құптаймыз. Мұндай бастамаларға түркі елдері де атсалысады деп сенемін. Түркі мемлекеттері сын сағатта ауызбіршілік пен жанашырлықтың озық үлгісін көрсетті. Осы бауырмалдығымыз нығая түссін. Әрдайым бір-бірімізге қамқор болып, ынтымағымыз жараса берсін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ТҮРКИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ САУДА СЕРІКТЕСТЕРІНІҢ БІРІ

Мемлекет басшысы қауіп-қатерге қашан да дайын болу керек екенін атап өтіп, төтенше жағдайлар саласындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығына тоқталды. Осы орайда, «Апат және төтенше жағдайлар менеджменті, гуманитарлық көмек» тақырыбында өтіп жатқан саммитті өте қажетті іс-шара деп есептейтінін жеткізді. Түркия Қазақстанның басты сауда серіктестерінің бірі екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев түрік инвесторларының Қазақстандағы жобаларын қолдауға дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ, кездесу барысында «Орта дәліз» деп аталатын Транскаспий халықаралық көлік бағыты аса маңызды рөл атқаратынын сөз болды. Қазақстан тарапы әлеуеті мол осы көлік-логистикалық бағдарды дамыту үшін ортақ инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға дайын екенін мәлімдеді.

Режеп Тайип Ердоған кейінгі жылдардағы екіжақты сапарлар нәтижесінде барлық салада өсім бар екенін, жыл соңына дейін тауар айналымын 10 миллиард долларға дейін жеткізу қажеттігін айтты. Түркия басшысы көлік саласында Орта дәліз әлеуетін толық пайдалану керектігін де атап өтті. Сонымен қатар, кездесуде екі ел арасындағы сауда, экономика, инвестиция, көлік-логистика, энергетика салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға баса мән берілді. Президенттер халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде де пікір алмасты.

ҰЙЫМНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС ХАТШЫЛЫҒЫ

Мемлекет басшысы басқосудың «Апат және төтенше жағдайлар менеджменті, гуманитарлық көмек» деген тақырыпта өтуі бекер емес екенін атап өтті. Президенттің пікірінше, жер жүзінде табиғи және техногендік апаттар көбейіп жатыр. Бұл жағдай өте өзекті халықаралық мәселенің біріне айналды. Осындай

күрделі кезеңде Қазақстан гуманитарлық шаралардан шет қалмайтынына тоқталып, түркі елдері төтенше жағдай кезінде тиімді әрекет ете білуі керек екеніне назар аударды. Сондай-ақ, Ұйым хатшылығы мен мүше мемлекеттер арасындағы байланыстарды нығайта түсу үшін бір-қатар ұсыныс айтты.

– Біз табиғи апаттың алдын алу үшін күш жұмылдыруымыз керек. Түркиядағы зілзала қауіп-қатерге қашанда дайын болу қажеттігін көрсетті. Сондықтан ұйым аясында Төтенше жағдайлар мекемелерінің бірлескен күшін жасақтауды ұсынамын. Оны Алматыдағы Төтенше жағдайлар және алапат жер сілкіністерінің қауіп-қатерін азайту жөніндегі орталықтың негізінде ашуға болады. Бұл орталықты 2016 жылы Қазақстан және Қырғызстан үкіметтері құрған. Бірлескен күшке Ұйымның Азаматтық қорғаныс хатшылығы мәртебесін берген жөн деп санаймын. Ол апаттан зардап шеккен елдерге көмек көрсету жұмыстарын үйлестіретін болады. Осы құрылым аясында халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, құтқарушылардың біліктілігін арттыру және оқу-жаттығу курстары өткізіледі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы іздетіру және құтқару қызметтерінің дайындығын күшейту қажеттігін екінші ұсыныс ретінде атады. Осы мақсатта Президент елдеріміздегі Төтенше жағдай мекемелерінің күштері мен техникалық құрал-жабдықтарының тізімін әзірлеуді ұсынды. Бұл шара қиын-қыстау сәтте шұғыл әрекет етіп, апаттың салдарын жоюға бағытталған іс-әрекеттерді үйлестіруге мүмкіндік бермек.

Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайдың алдын алу үшін ақпарат бөлісіп, құтқарушылардың тәжірибе алмасуы өте маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, биыл күзде Қазақстанда «Қазқұтқару» халықаралық оқу-жаттығу жиыны өтетінін еске салды. Президент Ұйымға мүше елдердің құтқару қызметтерін аталған іс-шараға қатысуға шақырып, сол кезде осы салаға жауапты мекеме басшыларының алғашқы басқосуын өткізуге болатынын айтты.

СЯСИА, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЫҚПАЛДАСТЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдегі экономикалық ахуалдың күрделі кезеңінде Түркі әлемінің өзара ынтымақтастығы нығая түскенін өте дұрыс қадам деп санайды.

– Біздің ұйым сол арқылы халықаралық деңгейде өзіндік орны бар екенін көрсетті. Елдеріміз саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жана деңгейге көтеруге қажет. Бұл – Қазақстанның сыртқы саясатындағы басым бағыттың бірі, – деді Президент.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жиынға қатысушыларды биыл күзде Қазақстанда өтетін Ұйымның оны-шы мерейтойлық саммитіне шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев қиын сәтте халықаралық қауымдастықтың түрік халқына қолдау көрсетуі Режеп Тайип Ердоғанның жоғары беделі мен еліне жасап жатқан риясыз қызметінің нәтижесі деп санайтынын жеткізді. Оның пікірінше, биыл 100 жылдығын атап өтетін Түркия Республикасы зор беделге ие. Оның дамуына елеулі үлес қосып келе жатқан Түркия басшысына алдағы Президент және Парламент сайлауында сәттілік тілеп, оны түрік жұртының қолдайтынына сенім білдірді. Президент сөзінің соңында жиынға қатысушыларды алдағы Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтап, осы мейраммен тұспа-тұс келетін қасиетті Рамазан айының басталуына орай ізгі тілегін білдірді.

Түркі мемлекеттері ұйымының кезектен тыс саммитінің қорытындысы бойынша Анкара декларациясына және бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘКІМ

САПАЛЫ ЖОЛ – ЕЛ ИГІЛІГІ

Оңтүстік мегаполис жолдарының өзекті мәселелері талқыланған кеңес өтті

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен 2023 жылға арналған жол жұмыстарының жоспарларын талқылау және жол-жөндеу жұмыстарының маусымына дайындық бойынша кеңес өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Кеңеске әкімдіктің бейінді басқармалары мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, аудан әкімдері, жол құрылысы саласында техникалық қадағалауды жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдар мен компаниялардың өкілдері қатысты.

Ерболат Досаев қыс мезгілінен кейін қала тұрғындары жолдардың қазіргі жағдайына лайықты наразылық тудыратынын атап өтті. «Шұңқырлардың пайда болуына, люктердің түсуіне және қыста коммуналдық кәсіпорындардың апатты және жоспарлы қазулар жүргізуіне байланысты жолдарды ағымдағы жөндеуді жүргізу мәселесі өзекті болып тұр. Тұрғындар тарапынан жұмыстың кешігуіне байланысты көшелердің ұзақ жабылуына қатысты тұрақты және әділ шағымдар бар. Жұмыстарға селкос қарау, формализм және сапа деңгейінің төмендігі, бекітілген стандарттар, тәжірибе көрсеткендей, оң нәтиже бермеуде. Қалаға сапалы жолдар қажет. Жұмысты дұрыс жүргізе алмайтын компаниялар енді қалада жол жөндеу жұмыстарымен айналыспайды», – деді қала әкімі.

Кеңес барысында шаһар басшысы мердігерлік ұйымдарға өткен жылы жіберген барлық кемшіліктерін қысқа мерзімде жоюды тапсырды. Қала әкімінің тапсырмасы бойынша тұрғындарды алдын ала хабардар ету және процестердің ашықтығын, мердігерлік ұйымдардың есептілігі мен тәртібін арттыру үшін ведомстволық сараптамадан өткеннен кейін учаскелер мен орындау мерзімдері көрсетілген жұмыс кестесі жарияланатын болады.

Ағымдағы жылы қаланың «Қайрат», «Алғабас», «Ақжар», «Шұғыла» және «Шаңырақ-1» секілді бес шағынауданында жол салу жоспарлануда.

Қалада орташа жөндеумен ұзындығы 200



шақырымнан асатын 220 көше, ағымдағы жөндеумен 350 мың шаршы метрден астам көше қамтылады. Бұл мақсаттарға тиісінше 20 млрд теңге және 2,8 млрд теңге бөлінді.

Сондай-ақ, ұзындығы 30 км тротуарлар мен 40 аялдама кешенін жөндеу жоспарлануда.

Ерболат Досаев биылдан бастап өкілеттіктерді орталықсыздандыру және жеке-леген бюджеттерді аудан әкімдіктеріне бөлу аясында жол төсемінің ағымдағы жөндеуі мен жай-күйі үшін аудан әкімдіктері жауапты болатынын атап өтті. Шаһар басшысы оларды жолдардағы кемшіліктерді жою бойынша жедел шаралар қабылдауға міндеттеді.

Қала басшысы жол төсемінің сапасын қамтамасыз ету және мерзімдерді сақтау үшін инженерлік желілерді төсеу және жолдарды кейіннен жөндеу жұмыстарын синхрондау қажеттігін атап өтті. Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына тұрғындар мен жеке компаниялар тарапынан кейінгі жеке қазуларды болдырмау мақсатында инженерлік желілерді абоненттерге тікелей жеткізуді қамтамасыз ету тапсырылды. Аудан әкімдіктеріне тұрғындар арасында ақпараттық жұмысты күшейту тапсырылды.

КЕРЕК ДЕРЕК

- Алматыда ұзындығы 200 шақырымнан асатын 220 көше ағымдағы жөндеуден, 350 мың шаршы метрден астам көше орташа жөндеуден өтеді.
- Ұзындығы 30 км тротуарлар мен 40 аялдама кешенін жөндеу жоспарлануда.

Жолдарды жөндеу және салу инженерлік желілерді салу жұмыстары аяқталғаннан кейін ғана мүмкін және орынды болады.

Кеңес барысында Ерболат Досаев жолдардың ең өзекті мәселесі люктер екенін атап өтті. Олардың сапасыздығына және төсеу технологиясының бұзылуына байланысты асфальт барлық жерде шөгеді, шұңқырлар, кетіктер мен жарықтар пайда болады. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін өткен жылы Алматы әкімінің тапсырмасы бойын-

ша тестілік режимде қалада шетелде қолданылатын «қалқымалы» корпустары бар жаңа технология бойынша 25 люк орнатылды. Халықаралық тәжірибе негізінде асфальттың ойық түзілуін төмендету үшін Гоголь көшесінің үш учаскесінде полимерлерді қолдана отырып, асфальтбетон коспасын пилоттық пайдалану бойынша сынақтар жалғасуда. Жаңа шешімдер өзінің тиімділігін көрсетті және күзгі-қысқы кезеңде жүктемелерге төтеп берді. Ерболат Досаев оларды орташа жөндеу және жаңа жолдар салу кезінде кеңінен қолдануды тапсырды.

Басқосуда жолдардағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Ағымдағы жылы 220 мектептің жанында 270 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі жарықтандырылады. Орташа жөндеу шеңберінде Vision Zero тұжырымдамасы аясында жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жалғасатын болады. Қала әкімдігі қауіпсіздік бөліктерін орнату және велосипед жолақтарында 4 мың сигналдық боллард орнату жұмыстарын жоспарлады. 179 объектіде реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелдері орналасқан жерлерде дыбыс жолақтарын салу жоспарлануда.

Мердігерлік ұйымдардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ жауапкершілік аймағын арттыру үшін Алматы қаласының әкімі 3 жыл мерзімге жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарына қызмет көрсету және ұстау) жөніндегі жұмыстарға шарт жасасуды қамтамасыз етуді тапсырды.

Жалпы, «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларын» іске асыру аясында ағымдағы жылы автомобиль жолдарының үлесін жақсы және қанағаттанарлық жағдайда 89%-ға (2022 жылы – 86%), 2025 жылға қарай 95%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.

Кеңес қорытындысы бойынша Ерболат Досаев жұмыстардың сапасын бақылауды күшейтуді, мердігер ұйымдардың құрылыс-жөндеу нормаларын сақтауын қамтамасыз етуді және шарттық міндеттемелер орындамаған жағдайда – жосықсыз мердігерлер тізіміне енгізуді, материалдарды құқық қорғау органдарына беруге дейін қатаң шаралар қабылдауды тапсырды. Мердігерлік ұйымдар жұмыс сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдауға және атқарылған жұмыс үшін жауапкершілікке тартылуға міндеттенді.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

туралы архив құжаттары не дейді?



Түркілердің көне жыр дастандары және әлқисса-аңыздарымен жалғасын тауып келе жатқан Наурыз мейрамы – жаңа жылдың бастауы ретінде болмыстық тұрғыда халықтың санасына сіңіп, ғасырлар бойы тарихы қалыптасқан маңызды күн.

Тамыры тереңге жайылған Наурызды тойлау дәстүрі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы кезінде үзіліп қалды. Дегенмен, архив құжаттарында Түркістан Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық атқару комитетінің төрағасы Тұрар Рысқұловтың 1920 жылғы 20 наурызда «22 наурыз күні бүкіл халықтық мереке ретінде аталып өтілуі» жазылған бұйрығы жарияланған. Алайда, Кеңес үкіметі Наурыз мерекесін «өткеннің қалдығы» деп санап, 1926 жылдан бастап тойлауға тыйым салады. Наурыз діни мереке болмаса да, оның аталып өтуіне тыйым салу қатаң атеистік насихатпен жүзеге асырылып, ол туралы айтқандарды қуғын-сүргін жүргізгендей жаппай жазалап отырған. Түркі ұлысының ұлықты мерекесі Наурызды мерекелеу бірнеше онжылдықтар бойы тұншықтырылып, тосқауыл жасалып келді.

Қазақстандықтар Наурыз мейрамымен 1988 жылдан бастап қайта қауышты. Сөзімізге Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақталған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1988 жылғы 5 сәуірде өткен отырыстағы құжаттары дәлел бола



алады. Онда Орталық Азия және Қазақстанның өнер қайраткерлерінің қатысуымен «Наурыз» театр фестивалін өткізу туралы айтылған. «Наурыз» театр фестивалі Алматы қаласында 1988 жылы 12–20 мамыр аралығында өткен.

Наурыз мейрамының қайта жандануы жөніндегі ұсыныстар Президент Архивіндегі құжаттарда сақталған. Мысалы, 1990 жылдары Мемлекет басшысына және Қазақ Кеңес

Социалистік Республикасының Жоғары Кеңес төрағасына мемлекет және қоғам қайраткерлері, депутаттар мен түрлі ұйымдар Наурызды ресми мереке ретінде тойлауды сұрап хат жолдаған. Ел ішінде осы тектес хаттар жазылып, жалпыхалықтық мереке ретінде тойлауды ұсынған. Мысалы, Қазақ достық қоғамы Президиумының төрағасы, республикалық Наурыз қорының жетекшісі Жібек Әмірханова 1990 жылы 27 желтоқсанда ел басшылығына хат жазған. Онда ол «...Наурыз мейрамының қайта құру арқасында 1988 жылдан бері біздің республикамызда да тойлана бастағаны өзіңізге мәлім. Бұл халықтық мереке өзінің биік адамгершілік пен имандылық көздейтін, жаңаруды, бірлікті, жақсаруды мұрат ететін сипаттарымен жұртшылық көкейінен шықты» дей келе, республиканың барлық өңірлерінде қолдау тапқанын айтады. Сонымен қатар, наурыздың 22-сін демалыс ретінде жариялап, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын тойлауды ұсынады.

1991 жылы 15 наурызда Президент Жарлығымен 22 Наурыз – мереке күні деп жарияланды. Ұлыстың ұлы күні саналатын Наурыз мерекесін ресми түрде бекіткен құжат бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақтаулы. Сонымен қатар, 1991 жылы 6 мамырдағы Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынылған Наурызды тойлағаны туралы мәлімет бар. Онда барлық облыста Наурыз 22-сі күні аталып өткені жазылған. Облыс орталықтарында қазақ ауылы ретінде киіз үйлер тігіліп, ұлттық тағамдардан дастархан жайылып, қазақ салт-дәстүрлерінің мән-мағынасын ашатын қойылымдар қойылғаны туралы жазылған. Өлең-жырлар мен терме-

лер айтылған үлкен концерт болып, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар өткені айтылған. Мысалы, Шымкент облысында ауыл-аймақтардың әрқайсысында 1000 ағаш отырғызылып, суретшілердің көрмесі ұйымдастырылған.

Осыдан кейін Наурыз мейрамын еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары көбірек айтып, насихаттай бастады. Мысалы, Президент Архивінде белгілі тарихшы Манаш Қозыбаевтың жеке тектік қорында «Армысын, Наурыз!» деген 1997 жылғы мақаласы сақтаулы. Мақалада ғалым елге қайта оралған Наурызды қарсы алуға жаңа рәсімдер керек екенін айтады. Мысалы, аналар мен балаларды құрметке бөлеп, дастарханға ақтан жасалған тағамдар қойып, ішімдік ішуден бас тартуға шақырады. Сонымен қатар, тарихшы ел азаматы аталған ағалар, ақсақалдар алқасы бірігіп, халық тірлігін ұйымдастырса, әкімшілік пен халық аралас-құралас болса деген тілегін білдіреді. Осылайша республиканың барлық аймағында Наурыз дәріптеліп, ұлықтала бастады.

2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мерекелер туралы» Заңына 22 наурыз – Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды. Еліміздің барлық өңірінде Наурыз мерекесі жылдан-жылға ауқымы кеңейіп жалпыхалықтық сипат алды. Ал 2009 жылы Заңға өзгертулер енгізіліп, Наурыз 22-сі күні ғана емес, 21–23 аралығында тойланатын болып бекітілді. Аталмыш Заңдар Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақтаулы.

Бүгінде Наурыз үлкен-кіші асыға күтетін, адамдардың табиғат-анадай түлеп жаңғырып, бір-біріне мейір-ықыласын төгуге, қайырымдылық жасауға, бір-біріне қолұшын беріп көмек етуге үндейтін достық пен татулықтың мерекесіне айналып үлгерді.

**Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА,
ҚР Президенті Архивінің
қоғаммен байланыс маманы.**



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

«ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТКІҢ КЕЛСЕ, ӨЗІҢНЕН БАСТА»

Алматыны таза, әдемі қалпында келер ұрпаққа аманаттау – сіз бен біздің мойнымыздағы міндет



Күн көзі күлімдеп, көк шыға бастағаннан-ақ барлық өңірлерде тазалық, ағаш егу жұмыстары қолға алынбақ. Биыл Алматының көшелері қанша ағашпен

толығады? Қала қалай абаттанбақ? Қандай маңызды шаралар атқарылмақ? Осы және қала тазалығына қатысты басқа да мәселелер жөнінде Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік ӘДІЛБАЕВПЕН сұхбаттасқан едік.



– Серік Бикенұлы, биыл Алматыда абаттандыру мәселелері бойынша қандай жұмыстар жүргізілмек? Жалпы, көктемгі ағаш егу жұмыстары қашан басталады?

– Алматы – жасыл желегімен әлемге танылған әдемі қала. Бұл әсемдікті сақтап тұру үшін басқарманың алдына қойған жүйелі жоспары бар. Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы ағымдағы жылдың көктем және күзгі вегетациялық кезеңінде 300 мыңнан астам ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстарын жоспарлап отыр. Ал аудандар арасындағы жасыл желектермен қамтамасыз етудегі үйлеспеушілікті жойып, халықаралық нормаларға қол жеткізу мақсатында жаңа жасыл аймақтарды одан әрі дамытуға күш саламыз. Бұл бағытта қалаға кейіннен қосылған аймақтарға басымдық беріледі. Наурыз-сәуір айларында қаланың аз көгалдандырылған Наурызбай, Алағау және Жетісу аудандарында 50 мың ағаш көшеттерін отырғызуды жоспарлап отырмыз.

– Десек те, қала көшелері мен аулаларда апатты жағдайдағы ағаштарды байқаймыз. Оларды реттеу қай мекеменің құзырында?

– Қала аумағын қураған бұталардан тазарту жұмыстарын бюджеттік бағдарлама бойынша аудан әкімдіктері жүргізеді. Ал жалпы есеп бойынша қазіргі таңда қала аумағында 84 мың дана апаттық ағаштар бар. Оның 35 мыңы көше бойында, қалған 49 мыңы аула аумақтарында өсіп тұр.

– Көп екен ғой... Оны тазалауға қаншалықты уақыт қажет?

– Басқарма аталған мәселені шешу үшін оларды кезек-кезеңімен кесу және 5 жыл ішінде жас көшеттерге ауыстыру бойынша арнайы бағдарлама қабылдады. Өткен жылы 5 мың дана апаттық ағаш кесіліп, олардың орнына ортақ қолданыстағы аумақтарға 50 мың дана жас көшет отырғызылды.

Жалпы, биыл жоспар бойынша ортақ қолданыстағы жерлерде (магистральдық жолдар бойында, саябақ аймақтары мен аулаларда) 16 925 мың апаттық ағаштарды кесу жоспарлануда. Кесілген ағаштардың орны 169 250 мың жас көшетпен алмастырылады. Ал апаттық ағаштарды кесу жөніндегі жұмыстарды бастамас бұрын эко-белсенділер мен ғылыми қызметкерлерді (Ж.Жиембаев атындағы өсімдіктерді қорғау және карантин ҚазҒЗИ) тарта отырып, мұқият талдау жүргізіледі.

– Көктем жаңбырлы болса егін жақсы, молшылық келеді. Дегенмен, «Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен жел артық» деген де бар. Көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстарына дайындық қалай?

– Алматы қаласында 153 су объектісі, оның ішінде 109 су ағыны мен 44 су қоймасы, ұзындығы 447 шақырым 49 ірі өзен бар. Жүргізілген түгендеуге сәйкес қалада 127,7 шақырым өзен арналарының жағалауын нығайту жұмыстарын жүргізу қажет. Мәселен, су тасқыны кезеңінде жауын-шашын қатты жауған кезде Есентай, Бөкенбай, Тіксай, Жарбұлақ, Қарғалы, Үлкен Алматы секілді өзендердің кейбір учаскелерінде су деңгейі реттелмейді де, су тасқыны пайда болады. Осыған орай өзендердің барлығында жағалауды нығайту және абаттандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінгі таңда жалпы ұзындығы 37,7 шақырым болатын Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Бөкенбай және Үлкен Алматы каналы сияқты 4 өзен бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Қалған 90 шақырымын Алматы қаласын дамыту бағдарламасының шеңберінде 2030 жылға дейін абаттандыру жоспарланып отыр.

– Нақты қандай жұмыстар атқарылғанына тоқталсаңыз...

– Әрине, өткен жылы жалпы ұзындығы 14 шақырым 6 өзеннің жағалауын нығайту және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Жүйелі мониторингті ұйымдастыру және су басудың алдын алу мен салдарын жою жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында жиі су басатын 102 учаске анықталды. Былтыр сондай-ақ, 102 учаскеден ең көп су басатын 56 учаске бойынша жұмыстар басталды. Онымен қоса, 12 коллектор мен 4 каналды қалпына келтіру қажеттілігі туындады, нәтижесінде 72 учаске қамтылды. Осы мақсаттар үшін төтенше жағдайлар желісі бойынша жергілікті бюджеттің резерві-

нен 5,3 млрд. теңге бөлінді. Аталған жұмыстар 2023 жылдың 31 наурызына дейін аяқталуы тиіс. 2023-2024 жылдары 376 шақырым арық желісін салу және реконструкциялау жобасын іске асыру шеңберінде қалған 46 учаскеде су басу проблемалары жойылады.

Арыз-талаптар – назарда

– Апат айтып келмейді. Десек те, Алматыда төтенше жағдай орын ала қалса, мәселе қалай шешіледі?

– Алматы халқының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында су тасқыны кезеңінде Төтенше жағдайлар министрлігі аумақтық бөлімшелерінің, қаланың азаматтық қорғау қызметтерінің және әкімдіктің мердігер ұйымдарының күштері мен құралдары жұмылдырылған. Яғни жеке құрамнан 2581 адам, 1078 бірлік әртүрлі мақсаттағы техника, 7 бірлік жүзу құралдары, 151 бірлік мотопомпалар, 6 бірлік сорғы станциялары, 10 бірлік лайсорғыштар, 114 бірлік автономды электр станциялары, 23,5 мың қап, 17,8 мың тонна инертті материал дайындалды.

Осы жылдың 4 ақпанында «Сайран» көлінде қала аумағында орналасқан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық бөлімшелерінің күштері мен құралдарының дайындығына тексеру жүргізілді. Сонымен қоса, саны 150 жиынтық тұтас су өткізбейтін комбинезондар тексеруден өткізілді. Су тасқыны жағдайы күрделенген кезде еліміздің басқа өңірлерінде жеке құрамнан 62 адам, 11 бірлік техника, 6 бірлік жүзу құралдары, 10 мотопомпадан тұратын күштер мен құралдар топтамасы дайындалды. Жалпы, су тасқыны кезеңіне дайындық ерекше бақылауда және осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

– Айдың басында шаһар басшысы арық желілерін толығымен тазартуды тапсырған еді. Тапсырма орындалды ма?

– Орындалды. Арық желілерін тазалауға ШЖҚ «Алматы Тазалық» МКК-нен басқа тағы 6 мердігер ұйым жұмылдырылды. Күнделікті тазалауға шамамен 80 бірлік техника мен 300 жұмысшы шықты. Қазіргі уақытта қардан, мұздан, лай мен қоқыстан жоспарланған 1329 шақырым арық желісі толығымен тазартылды. Егер жаңбыр жауса, су арық желісі мен нөсер көрізі арқылы өтеді. Арық желілерінің тазалығы тұрақты қадағалауда.



– Тақырып ауаның экологиялық мәселеге бұрсақ... Таза табиғат – саулық кепілі. Ал қоқыс ауаны ластайды. Бұл мәселе қалада қалай шешіледі?

– Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес Алматы қаласының әкімдігі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ұтымды жүйесін ұйымдастыруға мақсатты жұмыс жүргізуде. Тұрғындарға қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару бойынша қызмет көрсету 100% қамтылған. ҚТҚ шығару бойынша қызметтерді 25 қоқыс шығарушы ұйым ұсынады. Олардың ішіндегі ең ірі мердігер – «Тәртіп» АҚ. Күн сайын қала аумағынан орташа есеппен 1000-1200 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылады.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды жүзеге асыру үшін қалада 1454 қоқыс алаңы бар, оның ішінде 8003 контейнер орнатылған, белгіленген кестеге сәйкес контейнер алаңдарын тазарту, дезинфекциялау және дератизациялау жұмыстары жүргізіледі.

Арнайы чат ашылды

– Жасыратыны жоқ, арнайы жәшіктердің сыртында қоқыстар төгіліп-шашылып жатады. Бос бөтелке, қалбыр, қағаздар, пакет, тағысын-тағы... Қалай ойлайсыз, қоқысты сұрыптап жинау мәдениетін қалыптастыра аламыз ба?

– Әлбетте. Ол үшін адамда ең бірінші ниет болу керек. «Тазалық – иманның жартысы». «Әлемді өзгерткің келсе, өзіңнен баста» дейді. Демек, өзіміз өмір сүріп жатқан Алматыны таза, әдемі қалпында келер ұрпаққа аманаттау – сіз бен біздің мойнымыздағы міндет. Бірақ бізде қоқыс жинаудың әлі күнге дейін реттелмей келе жатқаны өкінішті. Әйтпесе, бұл бағытта атқарылған жұмыс жоқ емес.

– Айтып өтіңізші...

– 2018 жылы қуаты жылына 550 мың тонна ҚТҚ/жыл (Алматы қаласы, Алағау ауданы, «Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/12 үй) Қоқысты сұрыптау кешені іске қосылды. Қалдықтарды бөлек жинау үшін арнайы контейнерлер орнату бойынша шағын және орта бизнеске жәрдем көрсетіледі. Мәселен, пластикалық қалдықтарды жинауға арналған 1300 торлы контейнер, макулатура, пластикалық қалдықтар, сусындар орамасының қалдықтарын жинауға арналған 1300 экобокс, нан-тоқаш қалдықтарын жинауға арналған 400 бірлік арнайы контейнер бар.

Бостандық ауданында кешенді қабылдау – Экостанция «EcoSen» ЖШС пункті жұмыс істейді. Онда макулатура, пластикалық қалдықтар, сусындар орамасының қалдықтары, шыны ыдыс, электр жабдықтарының қалдықтары, пайдаланылған батареялар, тоқыма қалдықтары қабылданады. Алдағы уақытта мұндай пункттерді қаланың басқа аудандарында да орнатуды жоспарлап жатырмыз. Басқармада мобильдік топ құрылған. Олар аптасына екі рет санитарлық тазалықты тексеру мақсатында жұмыс сапарларын жасайды. Жұмыс барысында анықталған ескертулері бар фотоальбомдар жедел жою және шаралар қолдану үшін аудан әкімдіктеріне жіберіледі.

– Серік Бикенұлы, сұхбат барысынан басқарманың қарқынды жұмыс істейтінін байқап отырмыз...


– Жалпы, Алматыда тазалық мәселесі шаһар басшысының назарынан тыс қалған емес. Сондай-ақ, қала көшелеріне, жаяу жүргіншілер жолдарына су себу ісі үздіксіз жүріп тұратыны алматылықтар мен қала қонақтарына да белгілі болар. Осы тұста айта кетейін, тазалықтың сақталуын қамтамасыз ету, уақытылы жинауды ұйымдастыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару және заңсыз қоқыс үйінділердің пайда болуын болдырмау мақсатында басқармада «Whatsapp» месенджерінде чат ашылды.

Бұл чатқа азаматтар қаланы «Көріктендіру ережелерін бұзу» туралы фотосуреттерді жібереді. Сол арқылы жедел шаралар қабылданады.

– Дұрыс айтасыз. Бұл да жедел іске көшуге оңтайлы әдіс екен! Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ПОЭЗИЯ ФЕСТИВАЛІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙ.

ӘДЕБИЕТТІҢ ТАҒАЖАЙЫП ФЕНОМЕНІ

Алматыда «Олжас Сүлейменовтің бейбітшілік рифмалары» атауымен поэзия фестивалі ұйымдастырылды.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Іс-шараның мақсаты – қазақ халқының мәдени дәстүрлерін сақтау және дамыту. Сонымен бірге, жас ақындардың шығармашылығын шырдауға көмек көрсетуді басты мақсат етті.

«2000 жылдары ЮНЕСКО-ға хат жолдадық. Жыл сайын қазақтың ақын-жазушыларының шығармашылығын дамыту мақсатында осындай шараны өткізуді жөн көрдік. Аталмыш кеште ақынның өлеңдері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқылды. Осылайша поэзияның рухын асқақтатып, қазақ өнерін әлемге паш етеміз деген үміттемін», – деді ақын, жазушы, баспагер Бақытжан Қанапиянов.

Поэзия фестивалі Олжас Сүлейменовтің шығармашылығына арналды. Ерен еңбегінің арқасында жазушының шығармалары ғаламға танылды, ақынның сценарийлері бойынша «Земля Отцов», «Синий маршрут», «Зима – не полевой сезон», «Примите Адама», «Последний переход» көркем фильмдері жарық көріп, қазақ кинематографиясы бүкіл әлемге танымал болды.

«Ақынның шығармашылығы «екі әлемнің шекарасын» – Еуропа мен Азияны ұштастырады. Олжас Сүлейменовтің шығармашылығында тарих пен мәдениеттің таңғажайып тілдік байлығымен үйлесуі, оның пайымдауларында ұлттық әдебиет пен мәдениеттің тағдыры, Қазақстанның әлемдегі орны, саясат пен лингвистика, тілдің, әдебиеттің және қоғамның дамуы туралы ой жүгірту сияқты кең ауқымды мәселелер қозғалады», – деді «Невада-Семей» қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов.

ТІЛ ЖАНАШЫРЫ

«ҰЛТЫМ – НЕМІС, ЖҮРЕГІМ – ҚАЗАҚ»

Қазақстанның дамуы үшін талмай еңбек етіп жүрген нағыз еңбек адамының бірі – Алина Кан. Әңгімесін «ұлтым неміс болса да, жүрегім – қазақ» деп бастайтын Алина біраз жылдан бері «Сөйле» тілдесу үйірмесінде қазақ тілін тегін үйретіп келеді.



Досбол
АТАЖАН

Алина Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылының тумасы. 23 жастағы бойжеткен бүгінде Алматы қаласының тұрғыны. Қазақ тілін туған жері Бақанаста меңгергенін әркез айтып отырады.

– Мен 1–11-сыныпқа дейін орыс сыныбында оқыдым. Сосын Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының қазақ тобына оқуға түсіп, оны 2021 жылы тәмамдадым. Қазақ тілін қалай меңгергеніме келсем, кішкентай кезімде ауылдағы балалар орысша білмейтін. Әлі есімде, 3-4 жасар кезім, аулаға шықсам, ешкімді танымаймын. Бізбен көрші үйде тұратын Абай, Нұршат деген екі бала болды. Олармен бірге ойнасам да, тілдерін түсінбейтінмін. Содан екеуі не айтса, мен соны қайталаумен жүрдім. Мысалы, олар «Алина, жүр ойнайық» десе, мағынасын түсінбесем де, «жүр, ойнайық» деп қайталайтынмын. Сөйтіп жүріп, 6 жасымға дейін біраз сөздік қор жинақтап алдым. Кейін мектепке барған соң, қазақ тілінің грамматикасын толық меңгердім, – дейді Алина.

Осылайша сары қыз өзінің қазақ тілін жетік білгенінің арқасында көптеген Республикалық жарыстарға қатысып, талай мәрте жүлделі болғанын еске алады. Студенттік кезеңді қазақ тобымен бірге өткізу де қазақ тілін одан әрі

ТҮЛФАТАНУ

КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАР сатылымға шығарылады

Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) 2023 жылдың 14 наурызынан бастап ҚҰБ-тың kzcoins.nationalbank.kz/ru интернет-дүкені арқылы «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» монеталар сериясынан МУНТАР АҒЫЕЗОВ. 125 ЖҰЛ және АНМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ. 150 ЖҰЛ коллекциялық монеталарын сатуға шығара бастайтынын хабарлады.

МУНТАР АҒЫЕЗОВ. 125 ЖҰЛ коллекциялық монеталары:

• Номиналы 500 теңгелік күміс монеталарының массасы 24 грамм, диаметрі 37 мм, сапасы – proof, таралымы 2000 дана.

КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН МОНЕТАЛАР БЕЙНЕСІ

• Номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан (МН 25) тұратын монеталардың массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы – brilliant uncirculated, таралымы 20 000 дана.



МЕЛЬХИОРДАН ЖАСАЛҒАН МОНЕТАЛАР БЕЙНЕСІ



АНМЕТ БАЙТУРСЫНҰЛЫ. 150 ЖҰЛ коллекциялық монеталары:

• Номиналы 500 теңгелік күміс монеталардың массасы 24 грамм, диаметрі 37 мм, сапасы – proof, таралымы – 2 000 дана.

КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН МОНЕТАЛАР БЕЙНЕСІ

• Номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан (МН 25) тұратын монеталардың массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, сапасы – brilliant uncirculated, таралымы 20 000 дана.



МЕЛЬХИОРДАН ЖАСАЛҒАН МОНЕТАЛАР БЕЙНЕСІ



шыңдауға үлкен көмек болды. Бүгінде Алинаның мемлекеттік тілде сабақ беріп жүргеніне 6 жылға жуықтады.

– Қазақстанда 2021 жылы «Менің елім – менің тілім» қозғалысы құрылды. Осы қозғалыстың «Сөйле» жобасы аясында мен қазақ тілінен тегін сабақ беремін. Бұл жоба еліміздің 12 қаласында бар. Мен аптасына 2 рет қазақ тілін үйретемін. Бір сабақ 2 сағат болады. Жалпы, біздің үйірмемізге әртүрлі жастағы адамдар қатысады. Кейбір адамдар, тіпті балалармен келіп жатады. Сабаққа кем дегенде 50 адам қатысады. Тіпті, тіл үйренушілердің саны бір сабақта 90 адамға жеткен де күндер болған, – дейді А.Кан.

Алинаның айтуынша, «Сөйле» жобасының мақсаты – барлық қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеруіне көмектесу.

– Қазақ тілін үйретудегі мақсатым – адамдар қазақ тілінде сөйлесе екен деймін. Өйткені, біз Қазақстанда тұрып, өзіміздің тілімізді білгеніміз жөн. Өз басым Қазақстанда дүниеге келгеніме қуанамын. Өйткені, бұл менің ата-анамның және менің туған жерім. Ұлтым неміс болғанымен, жүрегім – қазақ. Қазақ ортада өскен соң осы жердің тәлім-тәрбиесін, құндылықтарын бойыма сіңіріп өстім. Ендігі мақсатым – өзімнің елім мен жеріме пайданды тигізу, әрі қарай қазақ тілін насихаттау. Қазақстанда барлығы 100 пайыз қазақша сөйлесе екен деп тілеймін, – деп Алина алдағы мақсатымен бөліседі.

Бүгінгі күні Алина «Сөйле» тілдесу үйірмесінен бөлек, әлеуметтік желілер арқылы да мемлекеттік тілді насихаттап жүр. Оның бейнежазбалары әлеуметтік желілерде мыңдаған қаралым жинайды. Қазірдің өзінде қазақ тілін үйрететін бойжеткеннің Instagram парақшасына 40 мың оқырман жазылған. Олардың қатары күн санап өсіп келеді.

P.S.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ақын Қадыр Мырза-Әлі ағамыз айтпақшы, Алина Кан – қаны қазақ бола тұра, туған тілін білмейтін адамдардың алдын орайтын, нағыз қазақы еңбек адамы. Алина сынды туған жерінің қасиетін түсініп, елінің өркендеуі үшін еңбек етіп жүрген адамдар Мемлекет басшысы айтқандай, жалпы халыққа, әсіресе, жастарға үлгі болуы қажет.



«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» –

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын орындау аясында оңтүстік мегаполисте «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асуда.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аталмыш жобаны елімізде алғаш рет 2019 жылы Алматы қаласының әкімдігі жүзеге асырған болатын. Жоба аты айтып тұрғандай, бюджет қаржысының қайда, қанша жұмсалатынына қарапайым халық үлес қоса отырып, қаланы дамыту және абаттандыруды көздейді. Сонымен қатар, ол тұрғындардың туған еліне һәм тұрған жеріне деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Мәселен, биыл алматылықтар өз аумақтарын абаттандыруда 9 санат бойынша жобаларын ұсынуға болады. Айта кетерлігі, Сіз ұсынған жоба қалалықтардың ортақ игілігіне қызмет ететіндей болу керек. Сондай-ақ, ол қаланы көгалдандыру, жаяу жүргінші жолдарын, арық жүйесін салу, пандустарды жөндеу, қалалықтарға ортақ демалыс орындарында орындықтар мен урналарды орнату, жөндеу, саябақтар мен скверлер секілді қоғамдық кеңістіктер құру, спорт алаңдарын салу, жарықтандыру, жөндеу секілді жалпыға ортақ игіліктер болуы тиіс.

Халықтық жоба Алматыда биыл бесінші рет жүзеге асырылуда. Өткен жылы аталмыш бағдарламаға 1251 ұсыныс келіп түсіп, оның 205-і 2023 жылы іске асыруға мақұлданды. Жалпы сомасы 8,5 млрд теңгені құрайды.

БАЛАЛАР ОЙНАЙТЫН АЛАҢСЫЗ МЕКЕНГЕ АЙНАЛДЫ

Бүгінге дейін шаһарды абаттандыруға қатысты өз идеяларын ұсынған алматылықтар көп. Қала тұрғындарының жобаларын әкімдіктер мақұлдап, оның орындалуына қолдау көрсетіп жатыр. Мәселен, Алатау ауданына қарасты «Шаңырақ» ықшамауданының тұрғыны Айжан Тынышбекқызы Сатыбалдиева өткен жылы жобаға қатысып, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына өз ұсыныстарын жолдаған. Барлық критерийлер мен талаптарға сай келген ұсыныс сараптамалық комиссияның сүзгісінен өткен соң, ел игілігі үшін қызмет ететін мынадай керемет орын (суреттер) балалар алаңсыз ойнайтын жайлы мекенге айналған. Біз жоба авторына жолығып, оны қалай жүзеге асырғаны жөнінде сұрадық.

– «Шаңырақ» ықшамауданының тұрғынымын. Көпбалалы анамын. Өзіңіз де білесіз, қандай ана болсын баласының дені сау, жақсы азамат болғанын армандайды. Бізге олардың әрбір қадамы, қандай ортада, қандай жерде тәрбиеленіп жатқаны, кіммен ойнап жүргені өте маңызды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы қолға алынғанға дейін «Шаңырақта» бірде-бір ойын алаңы болмаған. Аумағы жағынан да өте үлкен аудан болған соң, мұнда бос жерлер көп болатын. Айналамыз жатқан кең дала. Ешқандай жағдай жоқ болған

соң, балаларымызды сыртқа серуендетуге шығарудың өзі мұн еді. Сөйтіп жүргенде белсенділер бас қосып, бұл жерлерге не істеуге болатынын ақылдастық. Кейіннен аудан әкімдігінің қызметкерлерін шақырып, кеңес сұрадық. Олар бізге аймақты абаттандыруға бағытталған «Халық қатысатын бюджет» деген бағдарлама бар екенін және ол бүгінге дейін басқа өңірлерде жүзеге асып жатқанын айтты.

Қазір технологияның, цифрлық жүйенің дамыған заманы ғой, бірден ауданымыздың «ортақ чатына» жазып, тұрғындармен ақылдастық. Сөйтіп, 32 ойын алаңына ұсыныс бердік. 2021 жылы 32 ұсыныстың 10-ы мақұлданды. Сол 10 жобаның ішінен халық көп дауыс жинаған 4-еуі бүгінде жүзеге асып, көп ұзамай бос жатқан жерлерге осындай ойын алаңдары бой көтерді. Сіз сол кездегі халықтың қуанғанын көрсеңіз ғой! Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, оны тек көру керек болатын! – дейді жоба авторы.

БАСШЫЛЫҚҚА РИЗАМЫЗ

Айжан Тынышбекқызының айтуынша, қалаға кейіннен қосылған аймақтарды абаттандыруда аталмыш жобаның маңызы зор. Бүгінде Ақын Сара көшесі мен Қобыланды көшелерінің екі жағына осындай (суретте) ойын алаңдары бой көтерген. Жоба 2000-нан аса дауыс жинаған.

– Баланың көзқарасы қалыптасып, дүниетанымын жетілдіруде мұндай ойын алаңдарының көптеп салынғанын қалаймыз. Өйткені, бала ойынмен өсіп, ойын арқылы бір-бірімен араласады. Көпшілік ортасындағы

Белсенді тұрғындар Алматының



Жобаның авторы
Айжан САТЫБАЛДИЕВА

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өмірге үйренеді. Бала біткеннің барлығы алақандай құрылғының тұтқынына айналғалы қашан?! Сондықтан олардың ұялы байланыс құралына үңілгенінен ойнағаны жақсы, – дейді көпбалалы ана.

Жолдың бір шетінде жасөспірімдер спортпен шұғылданып, футбол, волейбол ойнайтын сырты қоршалған алаң бар. Ал үлкен кісілер көшенің екінші бетіндегі демалуға арналған алаңда әңгіме-дүкен құрады. «Мұнда 6 тренажер орнатылған. Бұл құрылғыларды тізесі ауыратын ата-апалар үшін Айжан Тынышбекқызы арнайы қойдыртыпты. Аналар да балаларын ойната жүріп, түрлі спорттық жаттығулар жасай алады. Балалардың қауіпсіздігі үшін ойын алаңына 5 бейнебақылау камерасы орнатылыпты. Екі алаңды да жасаған «СМТ» мердігер компа-

ниясы тұрғындардың барлық ойларын сапалы жүзеге асырған.


«Шаңырақтың» гүлденіп, көркейіп келе жатқанына қала билігінің ықпалы зор. Автордың айтуынша, Алатау ауданы әкімдігінің мамандары халықпен санаса отырып, көптің қалауына сай жұмыс атқарған. Бұл тұрасында қоғам белсендісі:

– Бұл істердің барлығы аудан әкімі Азамат Қалдыбековтің қолдауымен, Көріктендіру бөлімінің маманы Еділжан Нарматов секілді ел мүддесі үшін қызмет етіп жүрген азаматтардың атсалысуымен жүзеге асып жатыр. Біз – шаңырақтықтар аудан басшылығына ризамыз. Дейтұрғанмен, мен ең үлкен алғысымды Алматы қаласының әкімі Ерболат Асқарбекұлы Досаев мырзаға айтқым келеді. Шаһар басшысы «Шаңырақ» тұрғындарын үнемі қолдап отырады. Ұсыныс-пікір-

лерімізді ешқашан назардан тыс қалдырған емес, – деп нақтылады.

ЗАМАН ӨЗГЕРДІ, ТАЛҒАМ АРТТЫ

Адамда ең бастысы елімді, жерімді гүлдендірсем, өзім тұратын жердің дамуына үлес қоссам деген ниет болса жеткілікті. Айжан жобаға қатысқанда айтарлықтай қиындық болған жоқ дейді. Оның айтуынша, Алатау ауданы әкімдігінің есігі тұрғындар үшін үнемі ашық болған. «Бағдарламаға өтініш берерде Көріктендіру бөлімінің мамандарының көп көмегі тиді. Еш кедергісіз барлық ақпараттарды алып отырдық. Қазір технологияның дамыған заманы, ғаламтор арқылы өзімізге не керектігін топшылап, жобамыздың эскизін әзірледік, сметасын дайындадық.



БҰРЫН



ҚАЗІР



БҰРЫН



ҚАЗІР



ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

дамуына септігін тигізеді



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша кеңесті Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінен 224-39-29 (ішкі. 203), 1308 нөмірі арқылы хабарласып алуға болады.



Одан кейін қанша қаражат керектігін есептедік», – дейді ол.

Айжанның айтуынша, ойын алаңы бой көтерген жер бұрын сүрілген үйлердің орны болған. Кейіннен лай-батпағы шыққан иесіз жерге маскүнемдер үйір болып, айнала қоқысқа тола бастапты. Белсенділер дабыл қағып жүріп, Төтенше жағдайлар департаменті мамандарының атсалысуымен аймақты реттеп, қалыпқа келтіріпті. Сөйтіп, дәл осы орынға ойын алаңын салуға шешім қабылдаған.

– Кез келген затты күтіп ұстаң, ол саған ұзақ уақыт қызмет етеді. Сондықтан мемлекеттің халық үшін арнайы қаражат бөліп жасатқан дүниесін көзіміздің қарашығындай қорғап, өз мүлкіміздей күтіп ұстайық. Қазір көшеде доп қуалап, топыраққа аунап жүре беретін заман емес. Заманның ағымы өзгерді, талғам артты. Сондықтан балалардың ойын алаңын көбейтсек, нұр үстіне нұр, – дейді Айжан сөз соңында.

Расында да, атқарылған жұмыс нәтиже бергенде халықтың да билікке сенімі артатыны сөзсіз. Аталмыш бағдарлама аясында бой көтерген алаңдардың игілігін көріп жүрген шаңырақтықтар биыл да бағдарламаға қатысуға тас-түйін дайын отыр. Олар мұндай қамқорлықты «тұрғындарға берілген мүмкіндік» деп біледі. Жақында «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім қабылдау басталады. Айжан Тынышбекқызы биыл да аталмыш бағдарламаға кезекті жобасын ұсынбақ. Көпбалалы анаға сәттілік тілейміз!

Алатау ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында атқарылған жұмыс көп. Мәселен, 2022 жылы «Шаңырақ-1» мен «Ұлжан» ықшамаудандарының ортасында, емханаға барар жолда 30–40 жылдан бері қараусыз жатқан жерге көпір салынды. Бұл көпір арқылы тұрғындар емханаға барады. Жаяу жүргіншілерге арналған арнайы жолдар да осы жоба аясында қолға алынған. Бұл да осы бағдарламаның жемісі.

Игілікті істің қасынан табылған Айжан Тынышбекқызының ұсынған жобасы бүгінде халық үшін қызмет етіп жатыр. Оған осы аймақта тұратын тұрғындар да, бүлдіршіндер де дән риза. Қазір ол жер сәбилердің алаңсыз шат күлкісіне толған. Жасөспірімдер жап-жасыл көгалмен абаттанған, қауіпсіз алаңда доп теуіп жүрсе, үлкендер шүйірлесіп әңгіме-дүкен құруды әдетке айналдырған. Күн көзі жылт етсе, алаңқайға қарай асығатын балалар да мұнда жетіп-артылады. Өйткені, бұл жер балар үшін де, аналар үшін де қауіпсіз әрі қолайлы. Балалардың алаңсыз ойнайтын мекеніне айналған алаңның бүгінгі жағдайы, міне, осындай.

БАСҚА АЙМАҚТАР ДА ҰМЫТ ҚАЛҒАН ЖОҚ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев тұрғындармен өтетін кездесулердің барлығында бағдарлама аясында жүргізілген жұмыстарға ерекше тоқталып өтеді. Мәселен, биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша Алмалы ауданында 800 млн. теңге сомасына 39 жоба 100% орындалған. Қала әкімінің айтуынша, автобусына жүйесімен жабдықтау жұмыстары аяқталды. «АРО», «АЗТМ» 2 сквері, сондай-ақ Абай даңғылынан Наурызбай батыр көшесіне дейін, Гагарин, Байтұрсынов көшесінен Шәріпов көшесіне дейін, Бөгенбай батыр және Абылай хан даңғылынан Наурызбай батыр көшесіне дейін, Қарасай батыр көшелеріндегі бульварлар кешенді түрде көгалдандырылды.

Сондай-ақ, 8 қоғамдық және 21 аула орындары абаттандырылды. 1 спорт және 1 балалар алаңы, 1 иттерді серуендетуге арналған алаң, 3 көмілген қоқыс алаңы салынды. 2 алаңның резеңке жабыны жаңартылды және 21 аула жөнделді.

НӘТИЖЕ БЕРЕТІН БІРЕГЕЙ БАҒДАРЛАМА

Жоба авторларының бірі Дмитрий Белкиннің айтуынша, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы алмалылықтардың



ауласын абаттандыруға көп мүмкіндік берді. Қабанбай батыр, 260 мекенжайында орналасқан 8 кіреберістен тұратын үйдің ауласында бұрын алақандай ғана ойын алаңы болған екен. Аула-ның тарлығы сонша, онда 5-6 баладан артық ойнай алмайтын. Ал ересектердің кешке серуендейтін жері болмады.

– Қала әкімінің тұрғындарға есеп беру кездесулерінің бірінде біз шаһар басшысына аулаларды жөндеу және балалар алаңдарын орнату туралы өтініш жасадық. Сонда ол бізге Open Almaty арқылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасына қатысуға болатынын айтты.

Біз 8 кіреберістен тұратын үлкен үйде тұрамыз. Балаларымыздың ойнайтын жері тар, кішкентай. Ал осы ойын алаңына жақын жерде бейтаныс адамдар үнемі ішімдік ішуге жиналатын, ол аздай, қоқыс тастайтын бос жер бар-тын. Біз бұл идея туралы аудан тұрғындарының арасынан бастамашыл топ жинадық.

Жобамызды барлығы қолдады. Содан кейін біз жалпы үй аумағын қалай абаттандыруға болатынын анықтадық. Бастамашыл топпен бірге мұнда жасөспірімдерге арналған тағы бір ойын алаңы мен серуендеуге арналған шағын алаң қажет деп шештік, – дейді тұрғын Дмитрий Белкин.

Жоба авторының айтуынша, белсенділер арасында есепке жүйрік, құрылыстан хабары бар мамандар болғандықтан, оларға сметаны есептеп, эскиздер салу қиынға соқпапты. Тиісінше, әкімдіктен кеңес те берілген.

– Жобамыз төсеніштер, асфальт, орындықтар мен урналардың құнын қосып есептегенде шамамен 40 миллион теңгені құрады. Сондай-ақ, инфляция 10-15%-ға есептелді. Қатысуға өтініш жібергеннен кейін біз көршілерімізге, туыстарымызға және достарымызға дауыс беруге қатысу туралы хабарлама жібердік. Егер қолдау болмаса, біз жобаны жеңе алмас едік. Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов аптасына бір рет жобаның іске асырылуын қадағалап тұрды.

Ол сондай-ақ, бір немесе басқа нысанды қалай жақсы жасау керектігі туралы кеңестер берді. Талап пен тәртіп бар жерде жұмыстың нәтижелі болатыны сөзсіз. Мердігерлердің жұмысы да барлық стандарттарға сай орындалды.

Біз, тұрғындар, өзіміздің ауламыздың әдемі болғанын қаласақ, әкім бұл жұмыстарды жаһандық деңгейдегі көзқараспен қарайды. Өйткені, ауданның жалпы ансамбліне сәйкес келуі, басқа аулалармен үйлесуі және қаланың дизайн кодын ерекшеленбеуі маңызды, – дейді спикер.

Айта кету керек, өтінім 2022 жылдың наурыз айында мақұлданған. Мердігерлер мамыр айында жөндеу жұмыстарына кірісіп, қыркүйекте екі нысан да ашылған. Алаңда орталық гүлзар бар, 4 метрлік шырша мен 20-дан астам бұталар отырғызылды. Дәстүрлі көгалдың орнына беде отырғызылды, – делі Дмитрий.

– Бұл идеяны бізге аудан әкімі Ержан Сейтенов айтты. Мысалы, Гагарин бойындағы аллеяда беде өседі. Бұл экологиялық таза өсімдік. Одан кейін бізде қайталама материалдан жасалған орындықтар мен урналар бар. Мұны да аудан әкімі ұсынды. АЗТМ алаңында дәл осындай орындықтар бар екенін білген соң барып көрдік. Бізге ұнады. Содан осындай орындықтар жасаттық. Алаңда барлығы сегіз орындық бар. Оның төртеуі алаңда, төртеуі екі ойын алаңында орналасқан.

Мен туыстарыма және таныстарыма бағдарламаға қатысуға кеңес беремін. Өйткені, бұл шын мәнінде нәтиже беретін бірегей бағдарлама, – деп сөзін қорытындылайды Дмитрий.

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?



Көркем МҰСТАФИН, Алатау ауданының тұрғыны:

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

Алматы жыл сайын дамып келе жатқан көрікті қала. Бұл қарқынды бәсеңдетпеу керек деп ойлаймын. Десе де, шаһардың орталығы мен шет жағының арасындағы теңсіздік әлі де байқалады. Алматының орталығы көркейген, инфрақұрылымы да жақсы дамыған. Тіпті, қаржының басым бөлігі сол жақты абаттандыруға жұмсалып келді. Қала билігі дәл осы жағдайды шеткі аудандарға жасаса, нұр үстіне нұр. Біз де өзіміз тұратын жердің – «Шаңырақтың» гүлденгенін қалаймыз! Бір кездері балаларымызды ойнататын жер таппай қина-

лып едік. Сол кезде «Шіркін, біздің де балаларымыз әдемі жерде ойнаса зой» деп армандаушы едік. Қазір ауламыз заман талабына сай жарқырап тұр. Бұл жерге жан-жақтан балаларын ойнататын аналар көп келеді. Өйткені, «Шаңырақта» көпбалалы ана көп. Сондықтан балаларға дәл осындай ойын алаңдары әлі де қажет. Мұнда таңертеңнен кешке дейін балалар жаттығады. Түрлі таңғы жаттығулар жасайды. Ал сенбі, жексенбі күндері көшеміздің белсенділері ақша жинап, балалар арасында түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырып жатады. Осылайша балаларымыздың бос уақытын тиімді пайдалануға баулып жатырмыз. Біздің көшенің тұрғындары балаларының болашағы үшін барлық мүмкіндікті жасауға дайын. Өйткені, біз ұйымшылмыз, – дейді алаулық тұрғын.



БӘРЕКЕЛДІ

ЕКІ ОРТАЛЫҚ, БІР ЖАТАҚХАНА

Алматыда екі құзыретті орталық пен студенттерге арналған жатақхана пайдалануға берілді

Алматыда мемлекеттік колледждер базасында тағы екі құзырет орталығы ашылды. Жаңадан ашылып, пайдалануға беріліп отырған орталықтың бірі – «Құрылыс» бағыты бойынша Алматы құрылыс-техникалық колледжінің базасында, екінші орталық Алматы полиграфия колледжінің базасында «Баспа-полиграфия» саласы бағытында ашылды.

Алматы құрылыс-техникалық колледжінде ашылған орталықта 5 оқу-өндірістік шеберхана, зертхана, 5 оқу аудиториясы қарастырылған. Сонымен қатар, жаңа орталық жиһаз өндірісі үшін форматты кесу машинасы, сандық бағдарламалық жасақтама, жиектерді қаптау машиналары, вакуумдық пресстер және басқа да қажетті жабдықтармен қамтылған.

Алматы мемлекеттік полиграфия колледжінде ашылған полиграфия орталығы жарнамалық, кәдесый-сыйлық, мерейтойлық, акциденттік өнімдердің кең ассортиментін өндіруге арналған заманауи техникамен жабдықталған. Орталыққа 3 оқу-өндірістік шеберхана мен 3 зертхана кіреді. Аталмыш



орталықта бір мезетте 500 студенттің өндірістік тәжірибеден өтуіне мүмкіндік бар.

Орталықтың ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, өндіріс өкілдері, жұмысшы мамандықтары бойынша халықаралық конкурстардың жеңімпаздары және т.б. қатысты.

«Орталықтарды ашудың негізгі міндеті – ТЖКБ саласында оқыту сапасын арттыру, жоғары білікті кадрларды даярлау

үшін жұмыс берушілермен байланысты нығайту. Колледж студенттері қазірдің өзінде Worldskills халықаралық чемпионатында жүлделі орындарға ие болды. Сондықтан оларды одан әрі ынталандыру, олардың дағдыларын жетілдіру үшін технологиялық жағдайларды жасау қажет», – деді қала әкімінің орынбасары.

Жалпы, қала көлеміндегі мемлекеттік колледждер базасында төрт құзыретті ор-

талық жұмыс істейді. Мәселен, Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі базасындағы орталықта кондитер-безендіруші, туристік агент, бармен-бариста және т.б. мамандықтар бойынша оқытылады. Алматы мемлекеттік колледжінің базасында ашылған құзырет орталығында техникалық процесті автоматтандыру және басқару, электрмен жабдықтау, радиотехника, электроника және телекоммуникация, энергетика және электрондық технологиялар салаларындағы мамандарды даярлайды.

Сонымен қатар, Алматы сервистік қызмет көрсету колледжінің базасында ашылған «Азық-түлік технологиялары» құзыреттілік орталығы ет және түрлі тамақ өнімдерін өндірумен, сондай-ақ қонақүй шаруашылықтарына қызмет көрсетумен байланысты мамандарды даярлайды. Алматы мемлекеттік сервис және технология колледжінің базасында қазіргі заманғы стандарттарға сәйкес тігін ісі бойынша тәжірибе алуға болады.

Бұған қоса, «Алматы қаласын дамытудың Жол картасы» аясында 2025 жылға дейін тағы да 12 құзырет орталығын ашуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, дәл осы күні Алматы құрылыс-техникалық колледжінің студенттеріне арналған 60 орынды жатақхана ашылып, пайдаланылуға берілді. Жайлы жатақханада студенттерге барлық жағдай жасалған.

МИНИСТР

ОҚУШЫ ӨТІНІШІ
ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАДЫ

Биыл қазақ өнерінің мақтанышына айналған таланттар түлеп ұшқан Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына 75 жыл толып отыр. Осынау мерейтойға орай Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов айтулы білім мекемесіне келіп, ұжыммен, мектеп оқушыларымен кездескен еді. Кездесу кезінде Күләш Байсейітова атындағы мектеп-интернатының 5-сынып оқушысы Ассамад Әуелбек министрге музыкалық аспаптарға арналған кабинеттің тар екенін айтып, кеңірек студия беруін өтінді.

– Мен барабан сыныбында оқимын. Біздің дайындалатын класымыз тар болғандықтан, бізге өте ыңғайсыз. Мүмкіндік болса, кеңейтуге жағдай жасасаныз, – деді ол.

Министр бұл мәселені өзінің жеке бақылауына алатынын айтып, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен балалар-

дың жан-жақты білім алуы үшін барлық жағдайдың жасалып, мектепке жаңа музыкалық аспаптар мен басқа да қажеттіліктер алуға қосымша қаражат бөлінетінін жеткізді.

Сондай-ақ, мектептің бас-тауыш сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін болды.

БАЛАБАҚША

ТЕКСЕРУ ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Әлеуметтік желіде Алматы қаласындағы балабақшалардың бірінде балаларға сапасыз тамақтың беріліп жатқаны жөнінде видео тараған еді.

Желіге тараған видео авторының айтуынша, сапасыз тамақ беретін балабақша «мемлекеттік» болып табылады.

«Мұнда балалар қара шайға нанды салып ішеді. Неге өз балаларына мұндай тамақ бермейді», – деп шағымданды видео авторы. Сондай-ақ, видео астындағы жазбада бұл қаладағы №164 мемлекеттік балабақша екені де жазылған.

Осы орайда Алматы қаласы Білім басқармасы №164 мемлекеттік бөбекжай-балабақшасында балаларды тамақтандыру мә-

селесі сапасыз ұйымдастырылады деген күдікке қатысты ақпаратқа түсінік берді.

Онда: «Аталмыш жағдайға қатысты жан-жақты тексеру жүргізу үшін мониторингтік топ құрылды. 20 наурызға дейін бақылау комиссиясы өз жұмысын аяқтауы тиіс. Қазір Алматы қаласы Білім басқармасының қызметкерлері бөбекжай-балабақшадағы жағдайдың анық-қанығын білу үшін мекемеге қатысты жұмысты бастап та кетті. Тексеру нәтижелері қосымша хабарланатын болады» делінген.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Шетелде тұрып жатқан қазақ балалары биылғы жылы да Қазақстанға келіп, жазғы лагерьде демалатын болды. Биылғы жылы жазғы лагерь 1–14 шілде аралығында ұйымдастырылады.

«Жазғы лагерь» жобасы «Отандастар қорының» ұйымдастыруымен алғаш рет 2019 жылы Астана қаласында бастау алған еді.

Осы жоба аясында алғаш рет 7 мемлекеттен 150 этникалық қазақ баласы келді. Әлемдік індеттен кейін 2022 жылы Бурабай

ЖОБА ЖАЛҒАСАДЫ



төріндегі «IQanat» мектеп базасындағы жазғы лагерьге Франция, Түркия, Иран, Кыргызстан, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия, Ресей мемлекеттерінен 84 бала қатысты.

Сәтін салса, балалар жазғы лагерь бағдарламасында атқа

міну, садақ ату, асық ойнау, киіз үй тігу, ұлттық аспапта ойнау, интенсивті форматта қазақ тілін үйрену сияқты ұлттық құндылықтармен қатар, мобилография заманауи сабағына қатысып, өз білімдерін жетілдірмекші.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

ЖАҢА ЕРЕЖЕ БЕКІТІЛДІ

Қоғамдағы ең өзекті мәселенің біріне айналған жатақхана жайы да бір жүйеге түсіп, оң шешімін табатын сыңайлы. Оның бір дәлелі – жақында ғана студенттер жатақханасындағы орындарды бөлу ережелері жаңадан бекітілді. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (мемлекеттік қызмет) ұйымдарында студенттерге жатақхана беру өтініш негізінде өтеусіз жүзеге асырылатын болды. Сонымен қатар, ай сайын жатақханалардағы бос орындар туралы ақпарат университеттің ресми сайтында жарияланып отырады. Арнайы құрылған комиссия жатақханадағы орындарды басымдық бойынша конкурстық негізде бөліп отыратын болады.

Сондай ақ, ендігі жерде 2023–2024 оқу жылынан бастап студенттер оқу ақысын төлеу үшін банктен 2–3 пайыздық несие рәсімдей алатын болды. Бұл ретте, несие негізінен екінші деңгейлі банктер береді. Өз кезегінде бұл оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі жоқ жастарға сәл де болса көмек екені сөзсіз.

Тағы да бір ақжолтай ақпарат – еліміздің педагогтер мен психологтар үшін арнайы магистратура бөлімі ашылатын болды. Бұл бөлімге психологиялық-пе-

дагогикалық кабинеттің, түзету кабинеттері мен орталықтардың мамандары сұхбаттасу арқылы, ағылшын тілінен сынақ тапсырмай-ақ түсе алады.

Биылдан бастап әскери борышын өтегендер жоғары оқу орындарына ҰБТ тапсырмай-ақ түсетін болды. Сондай-ақ, олардың ақылы түрде және әскери борышын өтеу кезіндегі тәртібі мен жетістіктеріне қарай тегін оқуға да мүмкіндіктері бар. Бұл мақсат үшін жылына 3 мың грант бөлінетін болды.

КЕРЕК-ДЕРЕК

Мектеп оқушыларының биылғы көктемгі демалысы 18 наурыз күні басталып, 26 наурызды қосқанда 9 күнге созылатын болады.

ҚАНША КҮН
ДЕМАЛАДЫ?

Биылғы жылы 19 наурызда басталған көктемгі демалыс уақыты 30 наурызға дейін созылған еді. Ендігі жерде оқу аптасына енгізілген өзгерістерге байланысты демалыс уақыты 18–26 наурыз аралығында болатын болды. Дегенмен, әлі де бұрынғы тәртіпке сай, «сабақ 1 сәуірден бастала ма?» деп жатқан ата-аналар қарасы қалың. Сондықтан ата-аналарға IV тоқсандағы оқу 27 наурыздан басталатынын еске саламыз.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.

ЕҢБЕК АДАМЫ

«ҚАРИЯЛАРДЫ КӨРСЕМ, ҚУАНЫП КЕТЕМІН»

Ақ халатты абзал жан Тоғжан Сағынышқызына деген қариялардың алғысы тым ерекше



Рая
ЕСКЕНДІР

Медеу ауданында тұрып жатқан 28 288 зейнеткердің 13 мыңнан астамы №2 емханаға тіркелген. Бұл деректер жыл сайын жаңартылып отырады. Олардың арасында мүмкіндігі шектеулі, жалғызділікті зейнеткерлер де бар. Ондай жандарға емхананың әлеуметтік қызметкерлері көмектесіп, дәрі-дәрмегіне дейін жеткізіп беріп отырады.

Емханада геронтолог, психолог және әлеуметтік қызметкерлер тұрақты түрде жұмыс істейді. Ал осы жұмыстарды үйлестіріп, зейнеткерлердің ынғайына қарай киюластырып отырған аталмыш емхананың бас дәрігері Тоғжан Сағынышқызына деген қариялардың алғыстары тым ерекше.

Бұл емхананың Медеу ауданы бойынша алдыңғы қатарлы мекеме атануына ардагерлердің қосып отырған үлесі зор. Сондықтан еңбегінің зейнетін көріп отырған қарттарға қамқорлық жасауды ұжым дәрігерлері де өздерінің басты парызы санайды.

Ықшамаудан қарияларының «Біздің сүйікті дәрігеріне» айналған №2 қалалық емхананың бас дәрігері Тоғжан Еспергенова өзі де, «анадайдан қария көрсем болды, құрақ ұшып, көңілін табуға тырысамын. Адам қартайғанда бір бала деген рас екен», – дейді.

– Жасы келген адам баладай аңғал, сенгіш, тіпті көңілшек болып кетеді екен. Жаны жабырқап келіп, демде жадырай салады. Кейде тіпті, «қай жерімнің ауырып тұрғанын да ұмытып кеттім ғой», – деп риза болып жатқандары. Осындайда бұл кісілерге керегі жылы қабақ екен-ау деп ойлаймын. «Адамның көңілі бір атым насыбайдан қалады» дейді ғой. Осында келіп, өздерінің көңіл-күйлерін, тіпті отбасындағы жағдайға дейін жасырмай жайып салады. Ондай кезде өзіме жүктелген жауапкершіліктің тіпті терең екенін сезінемін.



Оның үстіне өзім де ата мен әженің аялы алақанын сезініп өскендіктен, қарттарға ерекше бүйірім бұрып тұрады. Әрине, бүкіл өмірім еңбекке арнап, қартайғанда барлығы бірдей зейнетін көріп отырмауы да мүмкін. Өмір болған соң түрлі тағдыр болады. Сондықтан қарияларымызды қолдан келгенше рухани тұрғыдан демеп отырғанның өзі медеу. Қария кісіге жылы сөз бен оң қабағыңыздың өзі дәрумен екен. Өкінішке қарай, кейбір қариялардың жан-дүниесі құлазып, қоғамнан оқшау қалып жатады. Оның соңы денсаулықтың сыр беріп, нашарлауына әкеліп соғады. Осындай

жағдайлар орын алмас үшін профилактикалық «Ашық есік күндерін» өткізуге ерекше көңіл бөлеміз. Оның тиімді жолдарын қарастырып, Қарттар айлығының өзін ерекше етіп атап өтуге тырысамыз.

Біраз уақыттан бері біздің емхана «Думан» амбулаториясымен бірлесіп, «Ашық есік күнін» ұйымдастыра бастадық. Сондай-ақ, аудандық «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен де тығыз байланыстамыз. Біз 2015 жылы «Думан» ықшамауданының дамуына үлес қосқан зейнеткерлердің «Үміт» атты клубын аштық. Алғашында клуб мүшелері 15 адам еді, қазір 40-қа жетті. Клубтың жұмысына ардагер ағамыз Қалибек Бижігітов төрағалық етеді. Оның жұмысына Ислам Іргебаев, Сауырхан Молдахынов, Камал Хинязов, Амангелді Шыңғожаев, Ұмсын Айтуғанова, Күләш Қонаева, Мейраш Мысақұлова, Сара Бижанова сынды қарияларымыз үнемі қолдау көрсетіп отырады. Біз «Үміт» клубымен емханаға қатысты науқастар тарапынан келіп түскен арыз-шағымдарды бірлесе отырып қарастырамыз.

Әсіресе, пандемия кезінде вакцинацияға қарсылық білдіргендер өте көп болды. Тұрғындар тарапынан түсініспеушіліктер болды. Сол кезде осы қарияларымыз екеп туралы халық арасында түсіндіру жұмысына белсене атсалысқан еді. Сондай қиын кезеңде бізге қолдау жасап, халықты ауызбіршілікке шақырған қарияларымыздың еңбегін ешқашан ұмытпаймын. Ондай да күндер өтті ғой. Қазіргі кезде жұмысымыз жүйелі жүріп жатыр. Қарияларымыз дән риза. Үлкендердің батасын алған сайын біздің де еңбекке деген ынтамыз арта түседі. Әрбір кездесуде қарттарға жылы лебізімізді білдіріп, алғысымызды арнап жатамыз. Сыйлық жасап, гүл ұсынамыз. Мерекелік дастархан жайып, түскі ас ұйымдастырамыз. Мұндай кездесулер ерекше жылылықта, көтеріңкі көңіл-күйде өтеді, – дейді емхана басшысы.

Өз ісінің білгірі, ақ желеңді Тоғжан Сағынышқызының бастамасымен атқарылып жатқан бұл жұмыстар қарттарға қамқорлық болса, жастарға үлгі. Гипократ антына адал, абзал дәрігер Тоғжан Еспергенова бүгінде ел құрметін көріп, алғысқа бөленген жан. Медицина саласын дамытуға қосқан еңбегі үшін «Денсаулық сақтау саласының үздігі» атанып, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Алғыс хаты және басқа да марапаттарға ие болып отыр. Ал «Алғыспен ел көгереді» демекші, қариялардан алған алғысы өз алдына бір төбе.

СКРИНИНГ

ӨМІРІҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА!

немесе фаст-фуд пен алкогольдік өнімдер, тіпті аз қимылдау да сүт безі обырына әкеледі

Бүгінде қатерлі ісік аурулары кәріні де, жасты да жалмап жатыр. Статистикаға сүйенсек, сүт безі обыры – әйелдер арасында ең көп таралған онкологиялық кесел. Алматы қаласындағы қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші бойынша осы сүт безінің кеселі 4-орында тұр.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жыл сайын мегаполисте 700-ге жуық әйелден сүт безінің қатерлі ісігі анықталады. Яғни бұл – күн сайын қалада екі әйелден осы патология табылады деген сөз.

Онколог-мамандар сүт безі обырының нақты бір себептен пайда болмайтынын айтады, оған дерт қаупін арттыратын түрлі факторлар әсер етеді дейді. Олар осы факторларды бақыланатын және бақыландырып деп екі топқа бөледі. Мысалы, адамның жасы және тұқым қуалау факторы бақыландырып топқа жатады. Сүт безінің обырына әкеп соқтыратын себептердің шамамен 10%-ы генетикалық өзгерістерден тұрады.

Бұл ауру негізінен, өмір салтымызға, репродуктивті мінез-құлық факторларына және біз өзіміз басқара алатын кейбір басқа факторларға да байланысты туындайды. Мысалы, сүт безі обырының көбеюіне дене қимылының аздығы, фаст-фуд өнімдері мен алкогольді шектен тыс пайдалану да тікелей әсер етеді.

Сондай-ақ, мамандардың айтуынша, ағзадағы зат алмасу процесі бүгінде медицинадағы ең үлкен проблемалардың бірі.

Етеккірдің ерте басталуы, сондай-ақ оның кеш тоқтауы да сүт безі обыры қаупін екі есе арттырады. Ауруды қоздыратын гинекологиялық аурулар, атап айтқанда, миома, эндометриоз, аденомиоз, қант диабеті, гипотиреоз, сүт безінің қатерсіз ісіктері, бала таппаған немесе босанғаннан кейін бала емізбеген әйелдерде сүт безі қатерлі ісігінің пайда болу қаупі 1,5 есе

жоғары. Сонымен қатар, түсік те обырдың пайда болу қаупін арттырады.

Онкологтар сүт безі обырының алдын алуға көмектесетін берден бір қадам – диагностикадан уақытылы өтіп отыру екенін де айтудан жалыққан емес. Ескертетін жайт, онкологиялық дерттің бар-жоғын ерте сатысында анықтайтын скринингтік тексерулер МӘМС пакеті шеңберінде жүргізіледі. «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Алматы қаласы бойынша онкоскринингтерге биыл 1,9 млрд теңгеден астам қаржы бөлді. Оның 1,2 млрд-ы сүт безі обырын тексеруге жұмсалмақ», – дейді аталған қордың Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

МАМАН ПІКІРІ

«Еш жерім ауырмаса, дәрігерге барып қайтемін...»

Дария ӘБДІҒАЛИЕВА,
№16 қалалық емхананың онколог-маманы:

18–20 жасынан бастап әрбір қыз бала организмін бақылап, үнемі профилактикалық тексерулерден өтіп отыруы керек. Кеселдің алдын алудағы ең қарапайым тәсілдің бірі – сүт бездерін өз бетінше тексеру. Оны айына бір рет, бір күнді белгілеп жасау керек. Негізінен, етеккір кеткеннен кейін бірнеше күн ішінде жасаған дұрыс. Кеудедегі кез келген өзгеріс, омыраудан сұйықтық ағу, омырау ұшы пішінінің өзгеруі, терісінің қызаруы, тартылуы сияқты кез келген белгілер пайда болған жағдайда, дәрігермен кеңесу керек. Біздің әйелдерге «еш жерім ауырмаса, дәрігерге барып қайтемін, УЗИ-ден немесе маммографиядан өтудің қажеті жоқ» деген стереотиптен арылатын уақыт жетті. Егер сүт безі обыры бастапқы сатыларда анықталса, заманауи әдістермен толық емдеп-жазуға болады. Өмірің – өз қолыңда!

СӘТТІ ОТА



ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

немесе буын эндопротезі әлі кеткен аяққа күш береді

Орталық қалалық клиникалық ауруханаға жамбас мойны сынған 86 жастағы әйел түскен болатын. Аурухананың травматологы Дәулет Чукманов науқасқа жамбас буынын жергілікті түрде эндопротездеу деп аталатын күрделі операция жасады.

Жамбас сүйегінің сынуы – қарттар арасында ең көп таралған жарақаттардың бірі. Әрі мұндай кезде уақытында кәсіби емдеу көмегі көрсетілмесе, пациент көз жұмуы да мүмкін.

«Ота эпидуральды анестезиямен жүргізіліп, бір сағаттан астам уақытқа созылды. Операция барысында біз жамбастың мойны мен басын және ұршықтық ойысын толығымен ауыстырдық. Отадан соң келесі күні пациент барлық үмітімізді ақтап, өз бетімен отырып-тұрып, арбаның көмегімен жүре бастады. Келесі күні пациентпен реабилитолог-дәрігерлер жұмыс істеуге көшті. Жетінші күні пациент амбулаторлық емделуге шықты. Әрине, оны оңалтудың екінші сатысы күтіп тұр», – дейді маман.

Жамбас буынын эндопротездеу – бүгінгі күні аяқтың әлі кеткен қызметін қайта қалпына келтірудің жалғыз әрі тиімді тәсілі. Бұл соны үлгідегі технология көмегімен жасалатын әдіс. Маманның айтуынша, заманауи буын эндопротездері жасалатын материалдар адам организмне төзімді келеді. Қызмет ету мерзімі орташа есеппен 15–20 жыл, ал көптеген жағдайда науқас оны 30 жылға дейін қолданады. Эндопротез ескірген кезде, оны жаңасына ауыстыруға болады.

Нұр ЖАМАЛ.



АЛЕМ КУБОГЫ: ФИНАЛДЫҚ КЕЗЕҢ

ФРИСТАЙЛ

елімізде қанат жайып келе жатқан спорт түрі

Алматыда әлем кубогының Mogul және Shangy acrobatics түрлерінен фристайл бойынша финалдық кезең ұйымдастырылды.

Байрақты бәсекеге мұрындық болушылар – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі мен Қазақстан Шаңғы федерациясы және т.б.

Бұл жарысқа дүниенің түкпір-түкпірінен кәнігі спортшылар қатысты. Дәлірек айтқанда, Австралия, Австрия, Германия, Канада, Қытай, Украина, Франция, Финляндия, Швейцария, Швеция, АҚШ, Жапония және Қазақ елінің спортшылары бақ сынауда. Бас-аяғы 14 мемлекеттен 80-нен астам шаңғышылар, фристайл мамандары келді. Сондай-ақ, 150-ден астам команда өкілдері атсалысуда.

Айта кетейік, шара 17–19 наурыз күндеріне жоспарланған. Осы уақыт аралығында кіл мықты әрі жүйрік спортшылар өздерінің шеберліктерін көрсететін болады.

ШЕБЕРЛІКТІ
ТАЛАП ЕТЕДІ

Алатау баурайы тұнған табиғат. Биік шыңдар басын мәңгі ақ қар басып жатады. Редакция тапсырмасына сәйкес «Шымбұлақ» аумағына жөнелдік. Онда әлемнің әр жерінен келген спортшылар өз шеберліктерін шыңдап жүр. Көктемнің қара суығы бет қаратпауда. Ызғар әлі сақталған. Соған қарамастан, «Канат» жолымен адамдар бірінен соң бірі фристайл жасайтын орынға беттеп барады. Құс жолы сияқты қаз-қатар тізілген бұл көрініс ғажап көрінеді. Бәрі тап-тамаша үйлесім тапқан.

Бұл жолғы жарысқа спортшылармен қатар жанкүйерлер мен спортшылардың жақын-жуықтары, олардың көмекші әрі күтушілері бірге келіпті. Ал тілшілер қауымы бір ауыз пікір білдіріп, ой айтатын кісіні іздеп әлек. Спортшылардың тәуір қасиеті бар. Яғни аяндап жанына жақындасаңыз, шөкімдей ой бөлісуге еш қарсылық таныта қоймайды. Телеарна тілшілерімен қосақтасып, газет журналистері де бірге жүрміз. Ойымыз – спикер табу. Оны тапсақ, жерден жеті қоян тапқандай күй кешеміз.

Әр ғажап сәтті көру үшін қырағылық керек екен. Егер осы қасиет болса, оңтайлы көріністі көресіз. Ғажайып әдіс-тәсіл жасаушыны байқап қаласыз. Өне-міне дегенше, спортшылар фристайлды бастап кетті. Қыз болса да, мықты өнер көрсеткенде танданбай қалу мүмкін емес-ті. Осы бір оқиғалар көңілге ғажап ой салды, тандандырды. Қажетті дүниені түртіп қайттық.

ҰРЫМТАЛ СӘТ

Шаңғышылар үнемі сақ қимылдайды. Жарақат алып қалмауға тырысады. Мүмкіндігінше әр әрекетті байыппен жасайды. Сәл шалт кетсе, жарақатқа ұрынатынын біледі. Сондықтан қошемет қанша күшті әрі мақтауын асырса да, бір жарыс үшін денсаулыққа зиян тигізуді қаламайды.

Алматы таулары мұнар-мұнар шыңдардан тұрады. Тым биік шыңдардан жаздың өзінде қар ери қоймайды. Бұған өз көзімізбен талай мәрте куә болғанбыз. Ең негізгісі, «Шымбұлақ», «Медеу» курорттық аймақтары арнайы қысқы спорт түрлеріне бейімделіп салынған. 1972 жылы бой көтерген осы спорттық нысан әліге дейін туристер мен спортшылардың сүйікті мекеніне айналған.

Шаңғы – өте көрікті спорт. Әсіресе,



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Асқар УӘЛИЕВ,
Қазақстан шаңғы қауымдастығының
Бас хатшысы:

ЖИІ ҰЙЫМДАСТЫРУ
КЕРЕК

Алматыда Халықаралық жарыстың шымылдығы түрілді. Фристайл жарысына дүниежүзінің біраз елінен спортшылар қатысып, жүлделі орындарға үміткер болуда. Шараны 17–19 наурыз аралығында өткізуді жоспарлап қойғанбыз. Сол мақсат бойынша жан-жақтан жиналған шаңғышылардың өзара мықтыны анықтауына үлесімізді қосудамыз.

Қазақ елінің шаңғышылары ешкімнен кем емес. Өздеріңіз бақылап отырғандай, жоғары дәрежеде өнер көрсетуде. Нақтырақ, «могул» және «акробатикадан» шеберлік танытуда. Ел атынан Аяулым Әмренова, Жанбота Алдабергенова, Павел Калмаков, Антон Бондарев сияқты бірқатар спортшылар қатысуда. Жарысты телеарналардан тікелей эфирден көрсетуде. Бұйырса, біздің қыз-жігіттеріміз жүлделі орындардан көрінеді деп ойлаймыз. Халықаралық додаларды жиі-жиі ұйымдастырып отыру қажет.



Юлия ГАЛЫШЕВА,
Фристайл спортының еңбек сіңірген шебері:

ЖЕҢІС КҮТЕМІЗ

Бұл іс-шараға арнайы көру үшін келдім. Жарақатыма байланысты қатыса алмадым. Фристайлдан әлем кубогының басты бәсекесі өтіп жатыр. Жер шарының әр тұсынан мықтылар Алматыға жиналыпты. Көріп көзайым болып отырмыз.

Бұл жолғы сайыстың орны бөлек. Бұрынғы деңгейден де шеберлікті асыру шарт. Қанша дегенмен біздің жер бедеріміз шетелмен салыстырғанда бөлектеу. Оны да ескерген жөн. Яки, бейімделе білсе дейміз. Осыған дейін спортшылардың жаттығу кезеңдерін аңдап, байқадық. Бәрі жанын салып дайындалатыны анық. Алайда, жеңіске жету үшін жаттығуды бұдан да үдетіп, тыңғылықты әзірленген дұрыс.

Қазір баяғы спортшылар азайды. Олардың орнын жастар басуда. Жас болғандықтан әуелгі кездері ағаттық жіберуі бек мүмкін. Алайда, осындай ағаттықтардың қайталанғаны, өздеріне қиын болады. Сондықтан шаңғышы мен оның бапкері бірлесе қимылдауы шарт. Бұл ұдайы айтылатын, қарапайым қағида. Қазақ мемлекетінің спортшыларының дайындығын алдыңғы жаз айларында байқағанбыз. Біздіңше, тәуір нәтиже көрсетуі тиіс. Жерлестерімізден үмітіміз зор. Жеңісті сәтте бірге қуана берейік демекпін.

биік трамплин сынды деңгейден сұлу да сымбатты етіп секіру нағыз шеберлік. Сол себепті осы көріністерді көзбен көру аз. Бұл арада фототілшінің кәсібилігі көзге ұрады. Ол өз ісін аса жақсы меңгерсе, мұндай тұсты қалт жібермейді. Байқаусызда оны бос өткізіп алса, сәтті кадр шықпай қалады. Кейде сурет мақалаға қарағанда, көбірек сөйлеп тұратыны анық. Өйткені, оқырман визуалды түрде сезеді, содан кейін барып мәтінді оқып түсінеді.

Спорт саласына енді-енді қаламы төселіп, ойы ширақтала түскен жандарға

үшін әдемі кезді сөзбен суреттеп көмкеру маңызды. Мақаланы оқып отырған оқырман дәп сол арада жүргендей сезінуі тиіс деп білеміз. Сонда ғана шынайы спорттық репортаж шығады. Ондағы көңіл-күйін жеткізе білу де журналистің қаламының қарымдылығын талап етеді. Осы үдеден шыға білсеңіз, болған оқиға, жанкүйер сезімі, пікір білдірушінің ниетінің айшықтылығы байқалады.

Ең бастысы, спортшыларымыз байрақты бәсекеде ел намысын қорғап, мерейімізді асыра бергей.

ҚАЗАҚША КҮРЕС

«ӘСКЕР БАРЫСЫ»
АНЫҚТАЛДЫ

Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әскери қызметшілер арасында қазақ күресі бойынша «Әскер барысы» атағына іріктеу турнирі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитетінің ұйымдастыруымен Алматы қаласының орталық спорт клубының базасында өтті.

«Қазақстан Республикасы Қарулы күштері мен күш құрылымдарының 28 командасының елу алты мықты палуаны (ҚР ҚК, ҚР ІІМ, ҚР ІІМ ҰГ, ҚР ҰҚК, ҚР МКК) «Әскер барысы» атағы үшін арпалысты. Турнирдің финалистері қазақ күресінен «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдама алды», – деді ҚР Қорғаныс министрлігі Орталық спорт клубының төрағасы Ольга Шишигина.

Жарыс нәтижесі бойынша жауырыны жерге тимеген Марат Байқамұров «Әскер барысы» атанды. Күміс жүлдеге Орталық спорт клубының өкілі Ғалымжан Қырықбаев ие болды. Үздік үштікті Асылжан Қуанышбеков түйіндеді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

СУМО

ҚАЗАҚ
СУМОИСІ

Әлемге таралып келе жатқан бір спорт бар. Ол – сумо. Бұл жапондықтардың ұлттық спорты саналады. Олар осы бір құнды дүниесін көтеру үшін үнемі жарыстар өткізіп келеді.

Бұрын-соңды сумоға қатысқан қазақты құлағымыз шалмапты. Соған қарамастан, көптен суырылып шығатындар табылды. Құр жарысқа қатысып қана қоймады. Салмағы ауыр, қауқарлыларды тізе бүктірді. Сондай жанның бірегейі – Еркін Балтағұл.

Қазақ сумоисі алғашқы жекпе-жегінде қарсыласын жайратып салды. Оның бұл жолғы сайысын әлеуметтік желіден тамашалағандар көп болды. Тіпті, сүйсініп, тамсанып, бір-бірінен сүйінші сұрап жатты. Алдағы уақытта сумодан бас жүлдені еншілесе, нұр үстіне нұр болар еді.

ТЕННИС

ЖАРТЫЛАЙ
ФИНАЛДА

Теннис спортының тынбайтын спортшысын ел жақсы таниды. Нәзік жанды болса да, оның ракеткасы алысты көздейді. Ұрған добы мұлт кете бермейді. Осы бір қасиеті осы жолы да тиімділігін тигізіп тұр.

Рыбакина АҚШ-тағы Индиан-Уэллсте WTA-1000 санатындағы сайыстың жартылай финалында сайысады. Осыған дейін ол әлемнің 76-шы ракеткасы чех Каролина Мухованы 7:6 (7:4), 2:6, 6:4 есебімен жеңген болатын. Ұзақ тартыстан беріспеді. Ақыры оның айқын ісі басымдыққа ие бола білді.

Алдағы жарыс қызу кейіпте өтетін сияқты. Спорт сарапшылары Еленаның мүмкіндігі жоғары екенін айтады. Жерлесіміз поляк Ига Швентек немесе румыниялық Сорана Кырстеймен кездеседі. Сол кезде жеңімпаз анықталады. Оған сәттілік болғай.

Бетгі әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

АНАЛАР ЖАҒДАЙЫ ЕСКЕРІЛДІ

Алмалы ауданы әкімдігіне қарасты «Бақытты отбасы» орталығында аналармен кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында әртүрлі санаттағы аналар өз баынасын ортаға салды. Аналар тарапынан тұрғын үй мәселесі, мүмкіндігі шектеулі

жандарға қолдау көрсету, денсаулық, білім беру және т.б. мәселелер қозғалды. Аудан әкімі мен Тұрғын үй басқармасының мамандары көпбалалы аналар тарапынан қойылған барлық сауалдардың шешу жолдарын ұсынды.

– Біз көптен бері пәтер жалдап тұрамыз. Биыл бұйырса, баспаналы болудың қамын жасап жатырмыз. Сол мақсатпен әкімдік өкілдерімен жүздесуге келдім. Аманшылық

болса, осы жылы жаңаымызбен өз пәтерімізге қол жеткізіп, қоныс тойын жасаймыз деп сенеміз, – деді көпбалалы ана Камила Рамазанова.

Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтенов қабылдау барысында аудандағы қордаланған проблемаларға байланысты жауап қатты.

– Аудандағы аналардың мәселесі бізді бейжай қалдырмайды. Мүмкіндігінше өзекті түйткілдерді шешуге күш салып жатырмыз. Егер бір адамға жәрдеміміз тисе, ісіміздің оңға басқаны деп түсінеміз, – деді ол.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

НАУҚАН

ДЕНСАУЛЫҚ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Алматыда көлік иелеріне арналған ауқымды іс-шара өтті



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

15 наурызда Бүкіләлемдік туберкулезбен күрес күні аясында Алатау ауданындағы қала тұрғындары жаппай баратын орындардың бірі – Мамандандырылған көлік иелеріне арналған ХҚК орталығында Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырған «Мен денсаулықты таңдаймын! Біз туберкулезді жеңе аламыз!» атты кең ауқымды науқан өткізілді.



Іс-шара барысында №29 қалалық емхана мен фтизиопульмонология орталығының мамандары туберкулездің алдын алу мен ескертуге баса назар аударды. Жұмыс істейтін қала тұрғындарының көпшілігі орта жастағы тұрғындар, олар медициналық қызметкерлердің шақыртуларына қарамастан, уақтылы алдын ала қараулардан және скринингтерден өте бермейді.

Науқан уақытында халықты барынша қамту өзінің нәтижесін бергенімен қуантады. Осылайша науқан нәтижесі бойынша 500 адам каралды.

Жүзге тарта алматылық арнайы ұйымдастырылған қозғалмалы кешенде флюорографиядан өтсе, шамамен 300 адам фтизиатр-пульмонолог, терапевт дәрігерлерінің кеңесін алды. 400-ден аса алматылық қан құрамындағы қант, холестеринді анықтау, көз қысымын өлшеу, спирография, экспресс-скринингтен өтті.

– Тексеруден өткен әрбір қатысушы экспресс-скринингтің нәтижесін алды. Ал флюорографиялық зерттеудің нәтижесіне келетін болсақ, ол пациенттерге рентгено-

лог-дәрігер қайталап қарағаннан кейін жеткізілетін болады, – дейді №29 қалалық емхананың бас дәрігері Ақмира Садықова.

Іс-шара барысында халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, тұрғындарды мазалаған сұрақтарға жауап беріліп, туберкулездің алдын алу мен емдеу бойынша бейнебаяндар көрсетілді.

Сондай-ақ, №29 қалалық емханада тіркелген тұрғындар үшін фтизиопульмонология орталығы және санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті маманда-

рының қатысуымен «Ашық есік күні» ұйымдастырылды.

Елімізде, ДДСҰ соңғы ұсыныстарына сәйкес, туберкулезді анықтау мен диагностикалау үшін тексерудің барлық диагностикалық әдістемелері енгізілгенін еске саламыз. ПТР диагностикасы жолға қойылған, ол гендік деңгейде екі сағат ішінде туберкулездің бар екенін анықтауға және бірінші күннен бастап ем тағайындауға мүмкіндік береді.

– Жоғарғы тәуекел жасындағы халық тобы скринингтен, ересектер флюорография, ал балалар мен жас жеткіншектер туберкулездік диагностикадан өтеді. Тиімді емдеу курсы жүргізу үшін пациенттер туберкулезге қарсы препараттардың қажетті жиынтығымен толық қамтамасыз етілген. Әрқайсымыз туберкулезді кез келген жерден жұқтыруымыз мүмкін екенін түсінуіміз қажет. Бұл аурудан ешкім сақтандырылмаған. Ауру неғұрлым ерте анықталса, оны емдеу неғұрлым ертерек басталса, сөзсіз ауруды емдеу әрі отбасы және жалпы қаланың эпидемиологиялық жағдайы жеңіл болады, – дейді бас дәрігер.

Мұндай іс-шаралар өкпе ауруларын уақтылы анықтау мен емдеуге назар аудартуға, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, медициналық қызметкер мен пациентке «Біз туберкулезді жеңе аламыз» деп, бірге жеңіске жетуге көмектеседі.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.

МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Мегаполисте қала тұрғындары мен қонақтарына арналған мерекелік іс-шаралар өтеді

Әсем қала Алматыда Наурыз мейрамын тойлау 14 наурыздан басталып кетті. «Көрісу күні» Көктөбе саябағының аумағында арнайы концерт ұйымдастырылды. Дегенмен, Азия халықтарының жаңа жылын мерекелеуге арналған негізгі іс-шаралар 21 наурызда, таңғы сағат 10.00-де мерекелік шеруден басталады. Шеру Алматы қаласының орталық көшелері – Абай және Абылай хан даңғылының бойымен өтіп, Төле би көшесіне дейін барады. Іс-шараға барлығы 500-ден астам адам қатысады деп жоспарланған.



Қала тұрғындары мен қонақтарына ыңғайлы болу үшін мерекелік іс-шаралар барлық ауданда ұйымдастырылады



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Сондай-ақ, Наурыз мейрамына орай мегаполистің әр аумағында қала тұрғындары мен қонақтарына арналған мерекелік іс-шаралар өтеді.

21 наурыз күні сағат 11.00-де «Астана» алаңында «Наурыз-думан» гала-концерті өтеді. Артистер сахнада ұлттық және әлемдік музыкалық шығармаларды орындап, актерлердің және балалар ұжымының қатысуымен театрландырылған музыкалық қойылым көрсетіледі.

22 наурыз күні сағат 17.00-де «Астана» алаңында жас орындаушылардың қатысуымен Zhuldyzdy Almaty концерті өтеді.

21-22 наурыздағы мерекелік іс-шаралар кезінде қала тұрғындары мен қонақтарына барлығы 60 тонна наурыз көже мен бауырсақ таратылатын болады.

18–24 наурыз аралығында Панфилов және Жібек жолы көшелерінде «Наурыз Fest» іс-шарасы өтеді. Бұл күндері суретшілер мен колөнершілердің көрмесі ұйымдастырылып, келушілер кілем тоқу, жібек пен керамиканы бояу, асыл тастарды кесу, былғарымен, ағашпен, шыны және сазбен жұмыс істеу технологиясымен таныса алады.

Іс-шара аясында аниматорлардың қойылымы, халықтық караокесі, би флешмобы, конкурстар, эстрада жұлдыздарының қатысуымен жанды дауыстағы концерт, сыйлықтардың ұтыс ойындары және басқа да шаралар өткізу жоспарлануда.

Абылай хан даңғылының аумағында балалар алаңы орналасады. Бұл алаңда аниматорлар, цирк артистері, қуыршақ театрының

актерлері өнер көрсетеді және Мұрат Мұтығановтың шоуы мен халық ертегілері кейіпкерінің қуыршақтар қойылымы болады. Сондай-ақ, бұл алаңда ойын фигуралары орнатылып, танымдық бағдарламалар, отбасылық және балалар ойыны, эстафета өтеді.

Арбалардағы 10 арнайы сөреде және шатырда колөнершілер жәрмеңкесі мен қолданбалы өнер көрмелері ұйымдастырылады.

Төле би көшесінің бойында Панфилов көшесінен Назарбаев даңғылына дейінгі аралықта спорт аймағы орналасатын болады. Мұнда «Асық ату», «Жамбы ату», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Қазақша күрес», «Көкпар тарту», «Тоғызқұмалақ» спорттық-ойын-

сауық ұлттық жарыстарын өткізу жоспарланған.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының аумағында 21–23 наурыз аралығында артистердің өнерін және «Наурыз-думан» театрландырылған спектаклін көрсету үшін арнайы сахна орнатылып, этнокалалық ұйымдастырылады. Мұнда колөнершілердің көрмесі, шеберлік сыныптары, флешмобтар, қуыршақтар шеруі, спорттық жарыстар өтеді.

Сонымен қатар, дәстүрлі түрде қаланың барлық аудандарында 14–24 наурыз аралығында сағат 17.00-ден 20.00-ге дейін мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылып, сахнада қазақ музыкалық фольклорының үздік шығармалары орындалады.



● Алатау ауданында мереке 22 наурыз күні сағат 11.00-ден 16.30-ға дейін «Алатау» дәстүрлі өнер театрының аумағында өтеді.

● Алмалы ауданында Наурыз мерекелік концерті 21 наурызда сағат 14.00-ден басталып, Mega Park COO аумағында сағат 17.00-ге дейін жалғасады, сонымен қатар, 21–23 наурыз аралығында колөнершілер жәрмеңкесі ұйымдастырылады.

● Әуезов ауданында «Наурыз-2023» мерекелік іс-шарасы 21 наурыз күні сағат 11.00-ден 18.00-ге дейін Әуезов ауданы әкімдігінің алдында өтеді. Қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерттік бағдарлама сол күні сағат 18.00-ден басталып, Әуезов ауданы әкімдігінің алаңында сағат 20.00-ге дейін жалғасады.

● Бостандық ауданында «Наурыз мейрамы» салтанатты іс-шарасы 21 наурыз күні сағат 12.00-ден 15.00-ге дейін Mega Center COO амфитеатрында өтеді.

● Жетісу ауданында «Наурыз тойы – 2023» мерекесін 21 наурыз күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін «Гүлдер» саябағында өткізу жоспарланып отыр.

● Медеу ауданында концерттік бағдарлама 21 наурызда сағат 12.00-ден 15.00-ге дейін Ұлттық Ғылым академиясының алдында жоспарланған.

● Наурызбай ауданында «Наурыз той-2023» концерті 22 наурызда сағат 11.00-ден 16.00-ге дейін Абай даңғылында (Алатау көшесінен Строительная көшесіне дейін) өтеді.

● Түркісіб ауданында «Наурыз мейрамы» мерекелік бағдарламасы 21 наурыз күні сағат 11.00-ден 17.00-ге дейін С.Сейфуллин атындағы саябақта өтеді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК.